

6

Аукционда сатылған портрет



8

Әділ билік – алтын таразы



# Сыр бойы

№83 (21158) 9 маусым, сейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboy.kz

www.instagram.com/syrboy\_kz

t.me/syrboy\_kz

twitter.com/syrboy

/// ПРЕЗИДЕНТ

## САЙЛАУДАҒЫ ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Армения Премьер-министрі Никол Пашинянды «Азаматтық келісім» партиясының парламенттік сайлаудағы жеңісімен құттықтады.

Көптеген халықаралық байқаушының алдын ала мәліметінше, сайлау елдің қолданыстағы сайлау туралы заңнамасына сай, ашық әрі азаматтардың еркін білдіруіне тиісті жағдай жасала отырып өткен.

Қасым-Жомарт Тоқаев Никол Пашиняның Армения елінің ұзақмерзімді ұлттық мүддесі жолындағы қызметте табысқа жете беруіне тілектестік білдірді. Сондай-ақ, Қазақстан достас Армениямен барлық салада өзара мүдделіге сай белсенді ынтымақтастықты жалғастыруға дайын екенін атап өтіп, армян халқына мемлекеттілік дамытуда сәттілік, бейбітшілік пен бақ-береке тіледі.

/// ҮКІМЕТ

## НАҚТЫ СЕКТОРДЫҢ ДАМУ ӘЛЕУЕТІ

Премьер-министр Олжас Бектенов Астана қаласында Президенттің өнеркәсіпті дамыту, инфрақұрылымды нығайту және АӨК-тегі қайта өңдеуді тереңдету жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысын тексерді. Үкімет басшысы логистикалық орталық, медициналық бұйымдар өндіретін зауыт, нан-тоқаш, сүт және ет өнімдерін шығаратын кәсіпорындарға барды.

Астана қаласының әкімі Жәніс Қасымбек қала экономикалық дамудың жоғары қарқынын сақтап, еліміздің жетекші іскерлік орталықтарының бірі ретіндегі ролін нығайтып отырғанын баяндады. Өткен жылдың қорытындысы бойынша жалпы өңірлік өнім көлемі 18,9 трлн теңгеге жетті. Елорда негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі бойынша республикада бірінші орында тұр. Биылғы төрт айда 587 млрд теңге инвестиция тартылған, оның шамамен 80%-ын жеке инвесторлар құрайды. Қазіргі таңда Астанада 246 мың шағын және орта бизнес субъектісі жұмыс істейді. Бұл секторда шамамен 560 мың адам жұмыспен қамтылған. ШОБ-тың қала экономикасына қосқан үлесі рекордтық деңгейге – 66%-ға жетті. 2026 жылы 26 өнеркәсіптік жобаны іске қосу жоспарланған. Қазірдің өзінде құны 32 млрд теңге болатын 8 жоба пайдалануға беріліп, 500-ге жуық жұмыс орны ашылды. Сондай-ақ жыл соңына дейін құны 36 млрд теңге болатын 18 жобаны іске қосып, мыңға жуық жұмыс орнын ашу көзделіп отыр.

Премьер-министр бірқатар маңызды нысандардың жұмысын көрді.

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2026 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы  
жекелер үшін: 6 айға – 5000 теңге  
мекемелер үшін: 6 айға – 10000 теңге



/// САҒАР

## ТЕҢІЗДІ ӨЛКЕНІҢ ТЫНЫСЫ



Өткен аптаның соңғы күндері Арал ауданында жақсы жаңалықтар жария етілді. Әсіресе ауылдарда халықтың игілігіне табысталған әлеуметтік нысандар өңірдегі өркенді істің бір парасы саналады.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев Арал ауданына жұмыс сапарында Аманөткел ауылындағы 150 орындық Мәдениет үйінің ашылу рәсіміне қатысты. Ауыл ақсақалдарымен емен-жарқын жүздесіп, пікір бөлісті. Сапар барысында облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, ел ағалары, ардагерлер бірге болды.

### АМАНӨТКЕЛДЕ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ АШЫЛДЫ

Өңірде 2022-2026 жылдары 200-ден астам әлеуметтік нысан салынып пайдалануға берілді. Оның ішінде 22 мәдениет нысаны ел игілігіне қызмет етуде.

Мемлекет басшысының Жарлығымен бекітілген «Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы» жаңа мүмкіндіктерге жол ашып отыр.

Аймақ басшысы мәдениет ел руханиятының тірегі екенін, бұл ретте жаңа мәдениет үйі ауылдың тыныс-тіршілігіне серпін беретінін айтты.

– Мемлекет басшысы «Мәдениет – ұлттың төлқұжаты. Жаһан жұрты елімізді, ең алдымен, өнеріміз арқылы танып біледі» деген болатын. Мәдениет – елдің рухани тірегі, ұлттың ұлы мұрасы. Жаңа мәдениет үйінде дәріптелген ұлттық құндылықтарымыз арқылы рухани қазынамыз толығады деп сенемін. Жаңа нысан



жастарымыздың талантын ұштауға қызмет ете берсін! Ауыл тұрғындарына жаңа тыныс сыйлап, мәдени жаңғырудың орталығына айналсын, – деді облыс әкімі.

Рәсімде ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар мен жаңа нысанды салған мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Мемлекет және

қоғам қайраткері Биғали Қаюпов сөз сөйлеп, ауыл ақсақалы Шыңдалы Әбдіраманов бата берді.

Кейінгі жылдары Нұрлыбек Машбекұлының бастамасымен мәдениет саласында ауқымды жұмыс атқарылды. Жаңашылдық ауыл клубтарын, облыс орталығындағы мәдениет мекемелерін түгел қамтыды. Төрт жылда 55 млрд теңгеге жуық, биыл 6 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Барлық ауданда «Руханият орталықтары» бой көтерді.

Қызылорда қаласында «Өнер орталығы», «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы» салынып, халыққа қызмет етуде. Тарихи-өлкетану музейі, «Достық үйі» пайдалануға берілді. Балалардың шығармашылық, зияткерлік әлеуетін арттыру мақсатында «Оқушылар сарайы», «Сыр жұлдыздары» академиясы ашылды.

Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайда берген тапсырмасына сәйкес жаңа драма театрын, Президенттік кітапхананың құрылысы басталды.

2-бет

/// ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ПӘРМЕНИ

## ЖАҚСЫ ЖОЛ ТИЯНАҚТЫ ЖОСПАРДАН БАСТАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен елдегі жол инфрақұрылымын жаңғыртудың ауқымды бағдарламасы жүріп келеді. Қазір республикалық және жергілікті маңызы бар автожолдардың 25 мың шақырымнан астамы жаңадан салынып, реконструкцияланды және жөнделді.

### РЕСПУБЛИКА: 11 МЫҢ ШАҚЫРЫМ ЖОЛ ЖӨНДЕЛДІ

Біздегі пайдаланып отырған жол желісінің ұзындығы шамамен 96 мың шақырымды құрайды. Оның 25 мың республикалық, ал 71 мың шақырымы жергілікті маңызы бар жолдарға тиесілі. Көлік министрлігінің дерегінше, 2019 жылы жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының нормативтік жағдайдағы үлесі 68 пайызды құраса, бүгінде көрсеткіш 91 пайызға жеткен. Ал республикалық жолдардың үлесі 85-тен 94 пайызға дейін өсіпті.

3-бет



Валюта бағамы \$ 487,44 kzt

€ 567,38 kzt

₸ 6,62 kzt

Ауа райы: Сейсенбі

☀️ +29°

🌙 +19°

Сәрсенбі

☀️ +30°

🌙 +18°

# ТЕҢІЗДІ ӨЛКЕНІҢ ТЫНЫСЫ

## ЖАҒАЖАЙ ЖӘНЕ ЖОЛДЫҢ ЖАЙЫ

Облыс әкімі Қамыстыбас ауылдық округіне барып, ондағы «Аққұмшық» жағажайының қазіргі тыныс-тіршілігімен танысты.

Өңірдегі туризмді дамытуда ерекше маңызға ие демалыс аймағы «Арал геопаркі» жобасына енгізілген. Соның нәтижесінде өткен жылы бұл аймаққа 100 мыңға жуық адам қызығушылық танытып келген. Аумағы екі гектар демалыс аймағында бүгінде 21 кәсіпкер келушілерге сапалы қызмет көрсетуде, 110 демалыс үйі қамтылған. Сонымен қатар жаяу жүргіншілер жолы салынып, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында бейнекамералар орнатылған. Демалушыларға арнайы орындар мен үш волейбол алаңы да жасалған.

Облыс әкімі келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, қызмет көрсету сапасын жақсарту тусуді тапсырды.

Бұдан кейін аймақ басшысы «Самара-Шымкент» тас жолындағы орташа жөндеу жұмыстарымен танысты. Өткен жылы «Қарабұтақ-Қызылорда-Шымкент» республикалық маңызы бар автомобиль жолының Әйтеке би кенті мен Арал қаласы аралығындағы учаскесін орташа жөндеу қажеттігі туындаған болатын. Осыған байланысты биыл «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ 9,5 шақырым жол құрылысын қолға алды. Жауапты мердігер — «Арал Құрылыс» ЖШС, жұмыс жыл соңына дейін аяқталады деп жоспарлануда.

Сонымен қатар, «Қызылорда - Сексеуіл» автомобиль жолын реконструкциялау жобасы аясында қайта жаңғырту көзделген. Аталған жоба бойынша техника-экономикалық негіздемеге оң қорытынды алынған.

Аймақ басшысы жол сапасына қатысты жауапты сала жетекшілері мен мердігер мекеме жұмысын қатаң сығна алды. «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ-на тез арада жол-көлік қозғалысын ретке келтіруді, тұрғындарға қолайлы жағдай жасауды, жұмысшылар санын көбейтуді ескертті.

## ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫ ЖАЙЛЫ НЫСАНҒА АЙНАЛАДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасымен жаңғыртудан өтіп жатқан еліміздегі 124 вокзалдың қатарында Қызылорда облысының барлық аудан орталықтарындағы және Төреғам, Сексеуіл станцияларындағы вокзалдар, Жаңақорған ауданындағы Талап бекетінің платформасы бар. Билтұр сол кезде аймақты басқарған Нұрлыбек Машбекұлы бұл тізімге облыстағы барлық вокзалды енгізу үшін тиісті мекемелерге нақты ұсыныстар беріп, ескі ғимараттардың уақыт күттірмей жаңғырту керектігін дәлелдеді. Өйткені өңірдегі вокзалдардың ең ескілерінің салынығанына бір ғасырдан астам уақыт болған.

«Арал теңізі» теміржол вокзалының құрылысы өткен жылы басталып, жобаға 1,5 млрд теңге қаржы бөлінді. Құрылыстың бас мердігері — «Техоснастка-Ремсервис» ЖШС. Жана ғимараттың жалпы ауданы 459,47 шаршы метр, ал биіктігі 4,2 метр.

Қазір мұнда металл конструкцияларын монтаждау, ішкі бөлігін сылау және әрлеу, сыртқы қасбетін қаптау жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс алаңында 25 жұмысшы еңбек етеді.

Жаңа теміржол вокзалы аудан тұрғындары мен жолаушыларға сапалы, қолайлы қызмет көрсететін, Арал қаласының сәулеттік келбетін айшықтайтын көрікті ғимараттың біріне айналмақ.

Осы нысандағы құрылыс барысын көрген облыс әкімі жауапты сала басшылары мен мердігер мекеме өкілдеріне құрылыс сапасына қатысты міндеттер жүктеп, жұмысты белгіленген мерзімде аяқтауды, уақытылы пайдалануға беруді ескертті.

## ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТ НӘМ ТҰРҒЫНДАРҒА ТҮСІНДІРМЕ

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың Аралға жұмыс сапарында «Руханият орталығында» аудан активімен кездесу өтіп өңірдің, ауданның әлеуметтік-экономикалық даму бағдары мен алдағы міндеттер тақырыбында болды.

Мемлекет басшысы Қызылордадағы Ұлттық құрылтайда жылдар бойы атқарылған жұмыс нәтижесінде Кіші Арал теңізінің қалпына келе баста-  
1-бет



ғанын айрықша атап өткен болатын. Сонымен бірге «Бейнеу - Сексеуіл» бағыты бойынша жол құрылысының биыл басталатынын, «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық автодәлізінің «Қызылорда - Ақтөбе» бағытындағы бөлігін төрт жолаққа кеңейту жобасы қолға алынатынын айтты.

Ерекше атап өту қажет, «Бейнеу - Сексеуіл» автожолының жалпы ұзындығы 559 шақырым, оның 189 шақырымы Арал ауданының Сексеуіл, Қосаман, Ақеспе, Ақбасты және Құланды елді мекендері арқылы өтеді.

Аймақ басшысы осы ретте ауданның туристік әлеуетін тиімді пайдалану және оны нақты жобаға айналдыру қажеттігіне тоқталды. Туристерге қолайлы орта қалыптастыру, сервистік қызмет сапасын арттыру, кәсіпкерлерді осы салаға тарту және қызмет көрсету мәдениетін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру керек.

Кейінгі төрт жылда барлық ауданда жанадан 1 800-ге жуық, Арал ауданында 310 пәтер пайдалануға берілген. Тұрғын үй құрылысы биыл да жалғасуда. Осыған байланысты құрылыс сапасына қатаң бақылау жүргізу және дайындықты уақытылы ұйымдастыру тапсырылды.

Ауданды газдандыру деңгейі 72 пайыз, Арал қаласы, Сексеуіл және Жақсыкылыш кенттері, Қамыстыбас және Аққұм ауылдық округтеріне табиғи газ қосылған. Қалған елді мекендерге газ жеткізуді кезең-кезеңімен жалғастырып, тиісті шаралар қабылдау міндеттелді.

Аймақ басшысы актив отырысынан кейін аудан тұрғындарын жеке қабылдады. Онда Арал қаласында ақпан айынан бері табиғи газ төлемінің артық есептелуіне қатысты мәселе көтерілді. Бұл тұтынушылар наразылығын туғызған.

Аталған мәселеге қатысты Арал ауданының әкімдігі мен «РДҚУ-Қызылорда» ЖШС өкілдері түсіндірме берді. Олардың айтуынша, газ төлемі есептегіш құралдардың нақты көрсеткіштері негізінде есептеледі. Ал көрсеткіштер уақытылы ұсынылмаған немесе есептегіштің тексеру мерзімі өтіп кеткен жағдайда, төлем қолданыстағы нормативтерге сәйкес

жүргізіледі. Сондай-ақ тұрғындарға есептегіш құралдарының тексеру мерзімін бақылауда ұстап, көрсеткіштерді уақытылы жолдау қажеттігі түсіндірілді. Есептегіш тексеріліп, нәтижесі дұрыс болса заңнамаға сәйкес қайта есептелуі мүмкін.

## СЕКСЕУІЛДЕ «ОҚУШЫЛАР ҮЙІ» МЕН «ӨНЕР МЕКТЕБІНІҢ» ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Сексеуіл кентінде 100 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебінің» іргетасы қаланды.

Дерекке жүгінсек, аймақта 2022-2026 жылдары 200-ден астам әлеуметтік нысан бой көтерген. Білім беру саласында, жеткіншектерге қосымша білім беру инфрақұрылымын дамытуда ауқымды жұмыс атқарылып, 46 заманауи білім беру нысаны табысталған.

Ал іргетасы қаланған «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектебінің» құрылысына «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясы демеушілік етеді.

Жас жеткіншектердің бос уақытын тиімді ұйымдастыруға маманданған мұндай орталықтар кейінгі жылдары Жалағаш, Жаңақорған және Шиелі аудандарында салынып, жас ұрпақ игілігіне айналған болатын.

Аймақ басшысы ауыл тұрғындарын көптен күткен игілікті істің басталуымен құттықтады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Ұл-қыздарымыздың парасатты, жан-жақты болып өсуіне жағдай жасау, жас азаматтарымыздың құқығын қорғап, денсаулығын сақтау — мемлекетіміздің басты міндеті» деп атап өтті.

Бүгін іргетасы қаланатын жаңа білім ордасынан алдыңғы буынның жолын жалғаған білімді, талантты шәкірттер шығатынына сеніміміз мол. Бұл — балаларымызға заманға сай жаңа дағдыларды үйрететін, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыратын, асқақ армандарға қанат қақтыратын бірегей нысан болмақ. Санасы сергек, ұшқыр ойлы, бәсекеге қабілетті оқушыларымыз көп болсын! Егемендігіміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай, — деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Шарада ел ағасы Имамдин Оңғарбаев сөз сөйлеп, ардагер Қазі Әйімбетов бата берді.

Рәсімнен кейін облыс әкімі тұрғындармен кездесті. Онда өңір үшін маңызды инфрақұрылымдық жобаның бірі — «Сексеуіл-Бейнеу» автомобиль жолының құрылысы басталатындығы айтылды. Жол Бейнеуден емес, Сексеуілден басталады.

Бұдан бөлек, тұрғындар ұзақ уақыттан бері көтеріп келе жатқан Сексеуіл кентіне кіреберіс автомобиль жолының жай-күйі де сөз болды. Халықтың ұсынысы-тілегіне сәйкес, бұл жолға ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу мәселесі қаралып, тиісті шара қабылданатын болды.

Кездесуде тұрғындардың өтініштері мен ұсыныстары тыңдалып, елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты өзекті мәселелер талқыланды.

## ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Сексеуілде теміржол вокзалының құрылыс-жобасы «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ тапсырысымен жүзеге



асырылуда. Бас мердігер «Техоснастка-Ремсервис» серіктестігі. Жобаға 700 млн теңге бөлінген.

Қазір құрылыс алаңында 15 жұмысшы, 4 арнайы техника жұмылдырылған. Нысанның сырты қапталып, ішкі әрлеуі біткен, есік орнатылған. Бүгінде аумағын абаттандыру, жаяу жүргіншілер жолын ретке келтіру және инфрақұрылымдық жұмыстар атқарылууда.

Жаңа вокзалда жолаушыларға қолайлы жағдай жасалады, қызмет көрсету сапасы артады, өңірдің коллективтік әлеуетіне, жолаушы тасымалына оң әсерін тигізеді.

## АБАЙ АУЫЛЫНА АУЫЗСУ ЖЕТКІЗІЛДІ

Аралдағы Абай елді мекеніне ауызсу берілді.

Жоба Мемлекет басшысының тап-

сырмасымен мемлекетке қайтарылған актив қаражаты есебінен 8 млрд теңгеден астам қаржыға жүзеге асты.

Аймақ басшысы ауыл тұрғындарын құттықтап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетістіктерді атап өтті.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен, Нұрлыбек Машбекұлының тиімді ұйымдастыруымен облыс бюджеті 809 млрд теңгеге жетіп, 2021 жылмен салыстырғанда 2 есе ұлғайды. Даму бюджеті соңғы 4 жылда 4,3 есеге артты. Бұл қаражат аймағымыздың ең өзекті мәселелерін шешуге, ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталды.

Бүгінде облыс тұрғындары 100 пайыз орталықтандырылған сапалы ауызсумен қамтылған. Жыл соңына дейін 10 елді мекенді газдандырып, халықты «көгілдір отынмен» қамту деңгейін 85 пайызға жеткіземіз. Таза ауызсу ауылдықтардың тұрмыс сапасына, әлеуметтік жағдайын жақсартуға оң әсер етеді деп сенеміз.

Бүгінгі игілік барша отбасына бақыт пен шаттық әкелсін! — деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Шарада қоғам қайраткері Имамдин Оңғарбаев сөз сөйлеп, ел ағасы Иманбай Әйтімов ақ батасын берді.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына әлеулі үлес қосқан азаматтар мен ауылға ауызсу тартқан мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Жалпы Абай елді мекеніне дейінгі 51 шақырым және елді мекеншілік 32,9 шақырым ауызсу желісі тартылып, 297 су құдығы орнатылды. Сонымен қатар, әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлерге су апару үшін 400 шығару нүктесі монтажданды. Енді Абай елді мекенінің тұрғындары сапалы ауызсумен тұрақты қамтамасыз етіледі.

## ШИЖАҒАЛЫҚТАР СПОРТТЫҚ КЕШЕНДЕ ШЫНЫҒАДЫ

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың Арал ауданына сапарында Шижаға елді мекеніндегі денешынықтыру-сауықтыру кешенінің ашылу рәсімі болды.

Аймақ басшысы тұрғындарды құттықтап, спорт саласындағы бірқатар жетістіктерді атап өтті.

Президентіміз Үкімет пен облыс әкімдеріне мемлекет қолдауын тиімді, мақсатты пайдаланып, ауыл халқының табысын арттыру міндетін қойды.

Бүгінде Арал ауданында серпінді жобалар сәтті жүзеге асуда. Күні кеше Аманөткел ауылындағы 150 орындық

мәдениет үйінің жана ғимаратын ел игілігіне табыстадық. Бүгін Сексеуіл кентінде «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясының демеушілігімен 1 млрд теңгеге салынатын «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектебінің» іргетасын қаладық. Сонымен қатар, Абай елді мекені орталықтандырылған сапалы ауызсуға қосылды. Осындай игі істердің жалғасы ретінде өздеріңізбен бірге «Ауыл — ел бесігі» бағдарламасы аясында салынған Шижаға ауылындағы денешынықтыру-сауықтыру кешенін табыстаймыз.

Жаңа спорт кешені дені сау ұлт қалыптастыруға қызмет етіп, осы жерден әлемдік ареналарда Қазақстанның көк Туын көкте желбірететін чемпиондар шығады деп сенеміз, — деді облыс әкімі.

Рәсімде қоғам қайраткері Айтбай Көшербай сөз сөйлеп, Аққұм ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақытжан Сматауллаев ақ батасын берді. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар мен ғимарат құрылысын сапалы салған мердігер мекеме өкілдері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Өткен жылы Президент қолдауымен Қызылорда қаласында 11 мың орындық стадион, «Теннис орталығы» және инклюзивті спорт кешені пайдалануға берілді. «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен Шиелі және Жалағаш аудандарында спорт кешендері ашылды. Жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен құрылған 80 спорт-ойын алаңы балалар игілігіне айналды.

Бүгінде облыс орталығында «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешені, «Қайсар» футбол клубының академиясы салынууда.

«СБ» ақпарат. Суреттерді түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ



/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

## ЖАҢА ҚЫЗМЕТКЕ ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Кеше кадрлық өзгерістер таныстырылған мәжілісте әріптестері осы уақытқа дейін облыс әкімінің орынбасары қызметін атқарған Ардақ Темірханұлы Зебешевті Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Инвестиция комитетінің төрағасы лауазымына тағайындалуына байланысты құрметпен шығарып салды.



Аймақ басшысы Мұрат Ерғешбаев Ардақ Темірханұлының өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, инвестициялық әлеуетін арттыруға және кәсіпкерлікті қолдауға қосқан елеулі үлесін атап өтіп, жаңа қызметіне сәттілік тіледі.

– Ардақ Темірханұлы 2024 жылдың ақпан айынан бері облыс әкімінің орынбасары ретінде инвестиция тарту және кәсіпкерлік салаларына жетекшілік етті. Оның үйлестіруімен өңірдің инвестициялық ахуалын жақсартуға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізіліп, Мемлекет басшысының инвестициялық экожүйені қалыптастыру жөніндегі тапсырмаларын іске асыруда нақты нәтижелерге қол жетті.

Осы кезеңде өңірге 1,4 трлн теңгеден астам инвестиция тартылды, соңғы екі жылда жалпы құны 339 млрд теңгеден асатын 48 инвестициялық жоба жүзеге асты. Нәтижесінде жаңа өндіріс орындары ашылып, халықаралық әріптестік байланыстар аясы кеңейді, – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Ардақ Зебешевтің жетекшілігімен «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағын құру жұмыстары жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Шетелдік инвесторлармен нәтижелі келіссөздер жүргізіліп, испаниялық «Rosa Group» компаниясының санитарлық-техникалық өнімдер шығаратын зауыты мен швейцариялық «Nagvest Group» компаниясының агроиндустриялық кластер құру жобалары бастау алды.

Қытай Халық Республикасымен ауыл шаруашылығы, құрылыс салаларына озық технологиялар енгізуге бағытталған 9 келісім-шартқа қол қойылды. Энергия үнемдейтін шыны өндірісі, заманауи кірпіш зауыты, кондиционерлік және макарон өнімдерін шығаратын өндірістік кешендер іске қосылды.

Бұдан бөлек, Сыр өңірінің мәдениетін халықаралық деңгейде насихаттау және ынтымақтастықты дамыту бағытында Финляндия, Эстония, Испания, Швейцария және Франция мемлекеттерінде өткен өнер күндерінің жоғары деңгейде ұйымдастырылуына үлес қосты.

Ардақ Темірханұлына Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Машбекұлының Алғыс хаты, Сыр елінің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан ерекше үлесі үшін Қызылорда облысының Құрмет грамотасы және «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалі табысталды.

Сонымен қатар, мәжілісте Қызылорда облысы прокурорының бірінші орынбасары Исламбек Төлегеновтің құрметті зейнет демалысына шығуына орай, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының бұйрығымен облыс прокурорының бірінші орынбасары болып тағайындалған Дүйсенбаев Нұрболат Серікұлы таныстырылды.



## ЖАҚСЫ ЖОЛ

### Тиянақты жоспардан басталады

«Негізгі жобалардың бірі – еліміздің ірі қалалары Астана мен Алматы арасындағы көлік қатынасын қамтамасыз ететін «Қарағанды-Алматы» автожолын реконструкциялау болды. Жоба аясында трассаның жекелеген учаскелері кеңейтіліп, көпірлер мен жол өтпелері жаңғыртылып, жаңа көлік айрықтары салынды. Сондай-ақ «Қостанай-Денисовка», «Ақтөбе-Қандыағаш-Атырау», «Астана-Павлодар», «Ақтау-Жетібай» «Меркі-Бұрылбайтал» және «Атырау-Астрахань» сияқты ірі жол жобалары бар. Бұл жолдар өңіраралық қатынасты дамытуда және ел ішіндегі экономикалық байланыстарды нығайтуда маңызды рөл атқарады. Қызылорда облысы аумағында «Қызылорда-Жезқазған» автожолы реконструкцияланды. Көптеген жыл бойы осы трассаның жай-күйі жүргізушілер мен жолаушылар тарапынан сынға ұшырап келді. Қазір жолдың Ұлытау облысы аумағындағы учаскелерін реконструкциялау жалғасуда» деп жазды өз ресми сайтында министрлік.

Салалық ведомство биыл да 11 мың шақырымнан астам жолға құрылыс жүретінін айтады. Оның ішінде 3,4 мың шақырымға жуық жол жаңа құрылыс болып отыр.

«Ең ірі жобалардың бірі – «Орталық-Батыс» автожолы. Бұл жоба Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынды. Маршруттың жалпы ұзындығы 896 шақырымды құрайды. Жоба еліміздің астанасын батыс өңірлермен тікелей байланыстыра отыра, Транскаспий маршрутына шығуды қамтамасыз етеді», деп жазды министрлік.

Мұндай ауқымды жобалар ішінде Сыр еліне пайдасы мол 559 шақырымдық «Бейнеу-Сексеуіл» жол құрылысы да бар. Жаңа маршрут Ақтөбе арқылы өтетін қолданыстағы бағытпен салыстырғанда қашықтықты 900 шақырымға дейін қысқарталды және өңірлер арасындағы тікелей жүруді қамтамасыз етпек.

#### Қызылорда – өзгелерге үлгі облыс

Біздің облыс аумағында жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы – 3525 шақырым. Оның 1025 шақырымы – республикалық, 555 шақырымы – облыстық, 1945 шақырымы – аудандық маңызы бар автомобиль жолдары.

– Халық сұранысының бірі – жол-көлік саласындағы мәселелер. Мұндағы құрылыс қарқыны аз уақыт ішінде өңірге оң өзгеріс әкелді. Бір ғана мысал, 2022 жылдан бүгінге дейін жол инфрақұрылымын дамытуға 185,8 млрд теңге бөлінді. Осы уақытта 1700 шақырым автомобиль жолы мен 35 көпір өткелі салынды. Бұл әлі де тоқтаған жоқ. Ал нәтижесінде облыстағы жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдың үлесі 82-ден 95 пайызға жетті, – дейді облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Жәнібек Сыздықов.

Облыс орталығында көптеген жоба іске асты. Санама-ласақ, Бейбарыс сұлтан көшесінен Б.Баймаханов көшесіне дейінгі аралықтағы Тараз көшесі мен Бейбарыс сұлтан көшесі Н.Назарбаев даңғылынан «Қызылорда-Құмкөл» трассасына дейінгі жол 4, Н.Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылына дейінгі бөлік 6 жолақты жолға айналды. Одан бөлек, Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылы 4 жолаққа ке-

нейді. Даңғыл бойындағы Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейін жаңа жол салынды. Ұзындығы 23,5 шақырымдық әуежайға кіреберіс жол 4 жолаққа айналды.

– Ең қуанышты жаңалық, Мемлекет басшысының тапсырмасымен Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысының шекарасына дейінгі 487,8 шақырым жолды I санатқа ауыстыру бойынша «ҚазАвтоЖол» мекемесімен техника-экономикалық негіздеме әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. Негіздемеге сәйкес жоба екі кезеңге бөлінген. Қазір I кезең, яғни «Қызылорда қаласын айналып өту 1-6 техникалық сапаныңдағы автомобиль жолын жобасын да осы жылы бастау жоспарлануда. Жол ұзындығы – 462 шақырым, құны 832 млрд 812 млн теңге, – дейді басқарма басшысы.

Иә, бұған дейін көп жыл мәселе болған республикалық «Қызылорда-Жезқазған» жолының біздің өңірдегі бөлігі біткені белгілі. Ал Президент Жолдауында айтылған 559 шақырымдық «Бейнеу-Сексеуіл» жолының құрылысы арқылы Арал ауданының ең шеткі елді мекендеріндегі (Құланды, Ақбасты, Ақеспе, Қосаман) қатынас жақсаратын болады.

#### Көпірлер салынды, вокзалдар қайта жаңаруда

Қызылорда қаласы мен жеті аудан теміржолдың екі бойында қоныстанған. Бұған қатысты Арал ауданында 940 метр болатын аспалы көпір бітті. Жаңақорған ауданында талай жылдан аяқсыз қалған осындай теміржол үстінен өтетін көпір пайдалануға берілді. Осы жобалардың жалғасы ретінде Қармақшы ауданындағы теміржол көпірінің құрылысы жақында басталады. Оның құны 5,5 млрд теңгеден асады.

– Өзіңізге белгілі, екі жыл бұрын қаланың сол жағалауынан еңселі автовокзал бой көтерді. Аймақтағы елді мекендерді аудан және облыс орталығымен байланыстыратын автобус маршруттарынан бөлек, халықаралық маршрутпен Ташкент қаласына, облысаралық Астана, Алматы, Шымкент, Жезқазған, Түркістан, Сарыағаш, Ақтөбе қалаларына 18 автобус қатынайды. Екіншіден, облыс орталығындағы халыққа қызмет ететін қоғамдық көліктер толық жаңарды. 300 автобус қалалық 32 маршрутты 100 пайыз қамтыды. Сонымен бірге, қалада «Экотакси» қызметін құру жобасымен 100 электромобиль алынып, тұрғындар мен қонақтарға қызмет көрсетіп келеді, – дейді әңгіме барысында Ж.Сыздықов.

Ал «Қорқыт Ата» әуежайында аптасына 28 рейс орындайтын жаңа терминал екі жыл бұрын пайдалануға берілді. Жаңартылған әуежай терминалы Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ICAO) жоғары стандарттарына сәйкес келеді. Сондай-ақ «Қазақстан темір жолы» ҰҚ АҚ және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 605 млн теңгеден астам қаржыға Қызылордадағы теміржол вокзалы мен аумағы түгелдей құр-

делі жөндеуден өткен болатын. Қазір мұндай құрылыс Жаңақорған, Шиелі, Жосалы, Төретам, Қазалы, Арал, Сексеуіл вокзалында, Жалағаш пен Теренөзектегі қызмет көрсету пункттері мен Талап бекетіндегі жолаушылар платформасында жалғасуда.

#### Құрылыс биыл да тоқтамайды

Басқарма басшысы осылай деп отыр. Қажетті қаржысы да бөлінген. Биыл аймақтағы жол инфрақұрылымын дамытуға барлық бюджет көзінен 38,2 млрд теңге қаралыпты. Бұған ұзындығы 141 шақырымдық жол, көшелер мен көпір өткелдерін жөндеу жоспарлануда.

– Осы жылы құны 23,6 млрд теңгеге қала және қалаға қарасты кенттер мен ауылдық округтегі 70 көшені қайта жаңғырту, күрделі және орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар, аймақ басшысының тапсырмасымен тек қала ішіндегі негізгі көшелер ғана емес, аудандардың елді мекендеріндегі жолдар мен көшелерге де ерекше көңіл бөлінеді, – дейді ол.

Мысал келтірсек, Жаңақорған ауданындағы «Шиелі-Қарғалы-Байқенже-Жаңақорған» 11,2 шақырым жолын қайта жаңғырту, Қармақшы ауданының «Жалағаш-Жосалы» жолындағы теміржол арқылы өтетін 46 шақырым жол өтпесін, Арал ауданындағы «Самара-Шымкент-Қамыстыбас-Аманөткел-Бөген» жолын күрделі жөндеу, «Арал-Жалағаш» жолын орташа жөндеу жұмыстары осы жылы жүреді. Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті Жанқожа батыр көшесінің айналма жолын қайта жаңғырту, «Қызылорда-Жалағаш» облыстық маңызы бар автомобиль жолындағы көпірлерді күрделі жөндеу жұмыстары бұл күнде басталып кеткен.

Бұдан бөлек, биыл облыс орталығындағы Н.Назарбаев даңғылындағы «Қызылжарма» каналы арқылы өтетін автомобиль көпірінің құрылысы, «Марал ишан-Қ.Махамбетов-Тәуелсіздікке 25 жыл» көшелерін кіреберіс қақпадан Саламатов көшесіне дейін қайта жаңғырту және Сырдария өзені арқылы өтетін жауу жүргізушілер көпірінің құрылысын қолға алу жоспарланып отыр. Аталған жобалардың барлығы сырбойлықтардың ұзақ жылдар бойы сұраныстарын ескере отырып жасалауда.

– Қазір Қызылорда қаласының сол жағалауына өту кезінде көбіне-көп көлік қозғалысын Ф.Мұратбаев көшесінің бойындағы көпірден байқаймыз. Бұл күннің қарбалас уақытында сол жағалауға өту кезінде кептеліс тудырып, көлік шоғырын көбейтіп тұр. Осы мәселені шешу мақсатында И.Токтыбаев көшесінен сол жағалауға өтетін көпір құрылысының жоба-сметалық құжаттары әзірленуде, – дейді басқарма басшысы.

Демек, алдағы уақытта да Сырдың бас шаһары – Қызылордада Сырдария өзені үстінен өтетін үшінші көпірдің құрылысы басталып қалуы бек мүмкін.

Иә, жалпы алғанда, республикалық ғана емес, ауыл-аймақтағы автожолдардың өзі тақтайдай тегіс, сапалы салынып жатса, халық қуанышы еселене бермей ме? Бір сөзбен айтқанда, жол инфрақұрылымы – өте маңызды әрі күрделі сала. Кеңінен мемлекеттің даму деңгейі де жол сапасымен бағаланады. Жоғарыда айтқандай, биыл да жолға бөлінген қаржы мол. Тек құрылыста сапа мен мерзім маңызды.

Ержан ҚОЖАС,  
«Сыр бойы»

/// САПАР

## ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАР ҚАРҚЫНЫ САРАЛАНДЫ

Кейінгі төрт жылда Қазалы ауданында 280 пәтер тұрғындар игілігіне берілді. Осы ретте салаға жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасары мен құрылыс бөлімінің басшысы тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар құрылысының сапасына ерекше назар аударып, тұрақты бақылау қажет.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов және ел ағалары Қазалы ауданына жұмыс сапары аясында Жанкент ауылының тұрғындарымен кездесуде нақты тапсырмалар берілді. «Руханият орталығында» өткен аудан активінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері мен алдағы негізгі міндеттер талқыланды. Осы жерде белсенді жастармен кездесу ұйымдастырылды.

Аймақ басшысы аудан әкімдігіне инвестиция тарту жұмыстарын жандандыруды, су үнемдеу технологияларын тиімді пайдалануды, құрылыс сапасы мен мерзімін қатаң бақылауды, инфрақұрылымдық жобалардың уақытылы аяқталуын қадағалауды тапсырды.

Қазалы ауданын газдандыру деңгейі бүгінде 75 пай-

ызға жеткен. Биыл Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдакөл және Түктібаев елді мекендерін газдандыруға республикалық бюджеттен 680 млн теңге бөлініп, жұмыс басталды. Сонымен қатар құжаттары дайын алты ауылды газдандыру жобасын энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасымен, салалық министрліктермен бірлесіп үйлестіру жүктелді.

Аудандағы маңызды инфрақұрылымдық жобалардың бірі – «Қарлаң» көпірінің құрылысы. Былтыр оған 6,3 млрд теңге, биыл облыстық бюджеттен 2,2 млрд теңге бөлініп, жұмыс жоспарға сәйкес жүргізілуде. Мұрат Нәлқожаұлы жауапты сала басшыларына жұмыс барысын тұрақты бақылауды, белгіленген мерзімде пайдалануға беруді тапсырды.

«Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Қоңқай» автомобиль жолының 16-шақырымында орналасқан Қарлаң учаскесіндегі Сырдария өзені арқылы өтетін темір-бетон көпір құрылысы қарқынды жүргізілуде.

Жоба өңірдің көлік инфрақұрылымын дамытуға, елді мекендер арасындағы қатынасты жақсартуға және жол қауіпсіздігін арттыруға бағытталған. «Нұрлы-Тау ЛТД» серіктестігі салып жатқан көпірдің ұзындығы – 248,29 метр, 6,3 млрд теңге бөлінген. Құрылыс жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде. Тольк аяқталғаннан кейін ауданаралық көлік қатынасы тұрақтанып, логистикалық байланыс едәуір жақсарды.

Облыс әкімі көпірдің құрылыс алаңында сапаны басты назарда ұстаудың маңызын атап өтті. Мердігер мекемеге барлық талапты қатаң сақтай отырып, көпірді уақытылы пайдалануға беру міндеті жүктелді.

«СБ» ақпарат



# ЕЛ ДЕП ӨТКЕН ЕРІМ БАР,

Ертең, 10 маусым күні мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Машбекұлы Сапарбаевтың дүниеден озғанына үш жыл толады.

Қарапайым еңбек адамынан көрнекті мемлекет қайраткеріне дейін көтерілген ерен тұлғаның есімі мен еліне жасаған қызметі туралы бүгінгі газет санында пікірлер топтамасын ұсынып отырмыз.



## ХАЛҚЫ ҚАДІРЛЕГЕН ҚАЙРАТКЕР

Бердібек Машбекұлы Сапарбаев есімі ең әуелі мемлекеттік қызмет деген ұғымның халыққа қызмет ету қағидатымен ұштасқан тұлға. Мемлекеттік қызметтегі менеджер, кейінгілер «мен де сондай болсам екен» дейтін қайраулы қылыштай тасқа салса мұқалмайтын жігер иесі.

Көрнекті қайраткер саналы ғұмырын мемлекет ісіне арнаған, өзіндік басқару мектебін қалыптастырған нағыз халықшыл қайраткер болатын. Ол мемлекеттік қызметтегі білімі мен тәжірибесін жастарға беруге аянған жоқ. Осы мақсатта Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында дәріс оқыды. Мұның өзі ұлтқа қызмет етудің озық үлгісі еді.

Токсаныншы жылдардың ортасындағы тоқырап жатқан ел жағдайында, «балапан басына, тұрымтай тұсына» тартқан бір кезеңде облыс басшылығына келген Бердібек Машбекұлының алдында алып мақсат, иығында атан көтере алмас жүк тұрды.

Көзі де, қолы да батыр азамат жұмыс барысын тез бағамдады. Қалың елге қамытын қиғызған экономикалық дағдарысты жеңілдетудің жолын іздеді. Ел ішінде еңбегімен қадірлі артық екенің ұлағатынан ұққаны бар, өзі азамат болып қалыптасып еліміздің Үкімет қабырғасында қызмет еткен кісі алысты көре білді.

Сондықтан облыс басшысы Президентке өңірді дамытудың жобасын ұсынып, 1996 жылдың басында Қызылорда облысы «Арнаулы экономикалық аймақ» деген мәртебе алды.

Осы кезде бұрын аймаққа жиі келе бермейтін Үкімет мүшелері Сыр өңіріне іссапармен белсенді келе бастады. Кейде облыс әкімінің ұсынысымен аптасына екі министр келіп, маңызды шешімдер қабылдап кететін кездер де болды. Мұнан бөлек, шетелдік ірі бизнес иелері, инвесторлар облыс болашағына сенім білдіріп, түрлі жобаларын жүзеге асыруға ынталанды.

Халықаралық қаржы қоры, Еуропалық қайта құру және даму банкі секілді ірі қаржылық ұйымдардың атын, немен айналысатынын Қызылорда халқы сол кезде естіп, білді.

Арнаулы экономикалық аймаққа валюталық-қаржылық және салықтық жеңілдіктер беріледі, шетел капиталын тарту көзделеді.

Облыстағы салықтан түскен ақшаның көп мөлшері облыстың өз бюджетінде қалады.

Жалпы, сол кездегі Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалы АЭА құрылған соң күрт көтеріле берді.

Арнаулы экономикалық аймақ құру оп-онай іске асқан жоқ. Бұл Бердібек Машбекұлының табандылығы, беделі, білімі ғана емес, ерлігі арқылы келген жеңіміз болатын.

Мен осы кезеңде облыс әкімдігіне консультант болып жұмыс істедім. Бұл жылдары ескі сүрлеуден жаңа тәсілге ауысқан облыс әкімдігіндегі жұмыс уақытпен санаспайтын. Талап қатаң, жауапкершілік жоғары.

Бұл кісінің бір ерекшелігі, облыс басшысы болса да кәсіби мамандардың кенесін басшылыққа алатын, тиімді ұсыныстарын жобаларға енгізетін. Тіпті жақ мамандардың да ой-пікірін біліп, сұрақ қоятын. Біз үшін бұл өте таңғаларлық жағдай еді. Мұның сырын қайт түсінген сияқтымын. Бердібек Машбекұлы жастармен пікірлесу арқылы олардың білім деңгейін, жинаған тәжірибесін бағамдайды екен. Сөйтіп сөзі мен ісі үйлескен, жалаңды жастарға қолдау білдіретін.

Бір күні қабылдауында болғанымда облыс әкіміне сұрақ қоюдан сөзі түсті. «Үкімет мүшелерін және шетел инвесторларын өңірге жиі шақырасыз. Нақты шешімдер қабылдап, оны хаттамаға енгізесіз. Осыны орындауларыңызға тапсыруға болмай ма?», – дедім. Жылы жымыған облыс басшысы: «Өзім бармысам, көтерілген мәселені күрделі екенін сезінбеймін. Жеке бақылауыма алып, өзін араласқанның нәтижесі бөлек болады», – деді.

Арада қаншама жылдар өткеннен кейін Кит Феррашицтің «Никогда не ешьте в одиночку» кітабы қолыма тиді. Әлемдегі №1 нетворкер өз туындысында дәл осылай жазыпты. Яғни, бірінші басшы әрбір мәселені жеке бақылауына алып, өзі араласа, онда жұмыс та тез бітеді әрі нәтижесі де жақсы болады. Бұл қағиданы мен жұмысыма басты арқау еттім. Бердібек Машбекұлының айтқаны маған үлкен сабақ болды. Еңбек жолымда осы ұстанымды әлі басты назарыма алып келемін.

Қызылорда қаласының әкімі болып қызмет еткен кезімде де ой-жоспарларымды Бердібек Машбекұлына ұсынып, ақыл-кенесін алып тұрдым.

Ол кісі маған: «Осы бағытты дұрыс, әр мәселені, тапсырманы жеке өзін қадағала, ауылдарды да өзін арала, көзіңмен көр, мамандарға сеніп қалма, тіпті базарларға, аулақтарға дейін жауау бар, жертелелерге дейін кір, халықпен бірге бол» дейтін. Осы қағидамен жүрдім.

Жалпы мен Бердібек Машбекұлымен ұстазым деп айта аламын. Өйткені, менің таза, анық қазақша сөйлеуіме де жол көрсеткен Бекең ағамыз. Мектепті де, жоғары оқу орнында да орыс тілінде бітіргендіктен маған өз тілімде көсіліп сөйлеу кейде қиындық туғызатын. Соны байқаған болуы керек, бірде телерадиона сұхбатымды көрген Бердібек Машбекұлы маған: «Мұрат, сен қолың бос кезде, қазақша газеттерді дауыстап оқы, сосын қазақша жақсы сөйлейтін боласың» деді.

Осы тәсіл маған өте жақсы әсер етті. Дауыстап оқу мен үнсіз көзбен оқудың айырмасы бар деп ешкім де ойламайтын шығар, мен сонда Бекең ағамыздың көп білетіндігіне таңғалдым.

Бердібек Машбекұлы тәуелсіз Қазақстан тарихында бес облысты, бірнеше министрлік басқарған, Үкімет басшысының орынбасары болған бірден-бір тұлға.

Мемлекет басшысы қай жерде жағдай ушығып тұрса, Бердібек Машбекұлы сол жерге басшылыққа жіберді. Өйткені, оған сенім артты, оның алатын тіл табыса алатынын, бастаған ісін аяғына жеткізетін табандылығын танып, бағалады.

Бердібек Машбекұлының Ақтөбе мен Жамбыл облысына әкім болып баруында сонда өзекті мәселелердің туындауы себеп болды.

Мәселен Бердібек Сапарбаев Шығыс өңіріне әкім болып барғанда бұрын-соңды болып көрмеген қаһарлы қыс, оған қоса көктемгі су тасқыны төтенше мәселеге айналды. Үш-төрт ай бойы үзіліссіз жауған қалың қар, үскірік аяздан күре жолдар жабылып қалды, онан соң күннің күрт жылынуы мен тоқтаусыз жауған жаңбырдан соң бірнеше елді мекенді су басып кетті. Баспанасыз қалған, дүние-мүліктерінен, малдарынан айырылған халық әбiгере түсті. Осындай сын сағатта облыс әкімі қауіптің алдын алу шараларын ұйымдастырды, қар құрауындағы аудандарды аралап, тиісті шаралар қабылдады. Республикадан, басқа өңірлерден қар тазалайтын және басқа да техникалар, ұшақтар жеткізілді. Тасқына тосқын қойылды.

Бердібек Машбекұлының осындаша күш-қуатты қайдан алатыны, күн сайын иығына түсетін ауыр жүкті қабақ шытпай қалайша арқаулап жүргені таңғалтатын. Белі бәріштен, қолы құрыштан жаратылғандай жан еді.

Мен мұның астарында елің сүйген жүрек, халқына сарп еткен қайрат жапыр деп білемін.

Атақты жазушы Әзілхан Нұршайықов: «Бердібек Сапарбаев – халыққа болса екен деп, ел ішінде жақсы атым қалса екен деп, таңның атысы мен күннің батысы аяндай тер төгетін азамат. Ең бастысы, бүгінге емес, болашаққа жұмыс істейтін қайраткер. Жүрек жылыу мол адам!» деп жазып кеткен екен.

Бердібек Машбекұлы Сапарбаев – адами үлгісімен бір дәуірдің үні, қызметтік өнегесімен өлмес өмір сыры болып ұрпақ жадында жасай беретін есім. Артында өшпестей із қалдырған ағамыздың жарқын бейнесі халқымыздың есінде мәңгі сақталады.

**Мұрат ЕРГЕШБАЕВ,**  
Қызылорда облысының әкімі



## МЕМЛЕКЕТШІЛ МЕНЕДЖЕР

Быттыр көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Сапарбаев туралы жаңа кітап жарық көрді. Осы жинақтың тұсаукесер рәсімі Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының қабырғасында өтті. Мұның символдық мәні бар. Қалай десеңіз де, бұл – үйлесімді үрдіс, жарасымды жаңалық. Себебі, баршаға танымал Бердібек аға мемлекеттік қызметшінің үздік үлгісіндей еді. Ол бүкіл болмыс-бітімімен мәртебелі мемлекеттік менеджер болды.

Жалпы, мемлекеттік қызметші дегенде ойымызға не нәрсе келеді өзі? Алдымен Президентімізге жүгінейік. «Мемлекеттік қызметшілер сөзі мен ісі үйлесетін, тиянақты, тәртіпті әрі арлы адам болуы шарт» дейді Мемлекет басшысы. Сонымен қатар, «Ел бірлігін нығайту үшін қызмет ету – жауапты әрі сауапты іс» деп тұжырымдайды. Сондай-ақ «Мемлекеттік қызмет – жеке бастың бақ-дәулетін арттыратын орын емес» деп ескертеді. Міне, осы кәсіптің қағиданың бәрі де мемлекеттік қызметтің барлық буынынан өткен, кеше ғана арамыздан алыстаған Бердібек Сапарбаевтың тек-табиғатына толық сай келетін еді. Сөзі мен ісі үйлесті. Жауапты әрі сауапты міндет атқарды. Бақ-дәулетке қызыға қоймады.

Жалпы, Бекеннің бойында нағыз мемлекеттік қызметшіге лайық бірнеше қасиет болды. Енді соны санамалап көрейік. Біріншіден, оның жеке басы өте өнегелі еді. Бүкіл бастаманы алдымен жүргізіп өткізетін. Іс тетігін табудың жолын өзі көрсететін. Мемлекеттік қызметтегі ұл-қыз соған қарап бой түзетін. Бердібек Сапарбаевтың тек-тулғасын өрісті өнегесін өлшемі деуге болар.

Екіншіден, ол жастарды жұмысқа тартты. Өзі жас кезінде де сөйтетін. Небәрі қырық екі жасында Қызылорда облысының әкімі боп тағайындалды. Келді де университеттің ректоры Бакберген Досманбетовтың қаланың әкімдігіне бекітті. Оның проректоры болып жүрген біз де ректорларымызға ілесіп, мемлекеттік қызметке келдік. Сөйтіп, Бердібек Сапарбаевтың берекелі командасына кірдік. «Жақсылы-жаманды, Жинап алдым командын» деп бір ақын айтқандай, Бекен Сыр өңірін өркендетуге құлшына кірісті. Жігерлі басшымыздың алапат өкпініне ілесе алмай, кейде шарықтап, кейде шалықтап, ал кейде шатқаяқтап, шапқыладық та жүрдік.

Үшіншіден, жұртты жұмысқа жаппай жұмылдыра білді. Ұйымдастыру қабілеті орасан зор еді. Өзіне де, өзгелерге де тыным таптырмады. Қалыпты еңбек ырғағын бір сәтке де бәсеңсіткен жоқ. Сартылдап соғып тұрған сағат секілді ырғағынан жаңылмайтын ол тоқтаусыз тер төкті. Соны көрген ел-жұрт өзінен-өзі ортақ іске жегілді.

Төртіншіден, ол өңкейі бір өміршең идеяларды алға тартты. Оның ұстанымдары бүгінгі күннен шектелмейді. Алдағы жиырмаөткіз жылға азық болатын бастамалардың негізін қалады. «Черчилль өз заманының өнімі болды. Бірақ оның идеялары мен әрекеттері әлі күнге дейін қазіргі дәуірге ықпал етіп келеді» деп әлемге әйгілі саясаткердің ғұмырнамасын зерттеген, шеберлігі таңдай қақтыратын ширақ черчилльтанушылар айтқандай, Бекеннің де ой-пікірлері өте өзекті. Мұның бәрін басқару мектебіндегі әдістемесі ретінде қай кезде де қалғе жаратуға әрден болады.

Бесіншіден, ығын да шаруашылық жайы қиындай түскен кезеңде басшы болды. Проблемасы жетіп-артылатын өңірлерді өрге шығарды. Етімімен су кешті. «Қу талағай бастанбай, Темір қазық жастанбай» деп толғаған Махамбетше шамырқанып, тек қана алға жылжыды. Бұл жағынан «Өрқашан да қиын жолды таңдаңдар. Сонда бәсекелестерін жолыңда тұрмайды» деген Шарль де Голльдің дәстүрін ұстанды. Ол, әрине қиын жолды таңдайын деп таңдаған жоқ. Маңдайына солай жазылғанды. Бәсекелес қайдан болсын? Шынында да мұндай жанкешті жұмысқа Бекеннен басқа кім тәуекел етпек?!

Алтыншыдан, жалап жұртпен сыйласудан жанымалды. Тентекпен де, телімен де талай рет бетпе-бет келді. Бірақ үнемі келісім жолын қалады. Даудан да, жаудан да аулағырақ жүрді. «Бір күн майдандасқанша он жыл келіссөз жүргізген қазыс» деген

данқты дипломат Андрей Громыконың түйінді тұжырымына ден қойды.

Жетіншіден, көпке жақын болды. Жұрттың көңілін тапты. Ешқашан елдің ортасынан ұзамады. Бұл тұрғыдан алғанда, қала академиктерінің де, дала академиктерінің де пайдалы пікіріне құлақ асты. Мәселен, «Өнімді еңбек атқарам десең, көпке сүйен. Соның тілін тауып, соған қызмет қыла біл» деген даңғайыр дикан Ыбырай Жақаевтың салмақты сөзін қаперге алды.

Сөйтіп, бес өңірді басқарған Бердібек Сапарбаев мәртебелі мемлекеттік қызметшінің эталоны болды. Енді оның ғибратты ғұмырнамасын бүгінгі мемлекеттік қызметшілерге үлгі етуіміз керек.

Бердібек ағаның Кеңсаудағы бейітінің басында:

Адал болды анттына,  
Берік болды салтына.  
Алғыс алып жұрттың,  
Тұлға болды халқына!

Еңбегімен еленді,  
Жер-бесікке бөленді.  
Ұлтын сүйген перзентің,  
Ұмытпайды ел енді! –

деген жазу бар. Мұны эпитафия дейді. Дұрыс айтылған! Ол шынында да тұлға болды.

Бүкіл өмірі жұмыспен өтті. Бір ауық тыныс алуды білген жоқ. Бес өңірде ізі қалды. Бәрібір жалған дүние бес-ақ күндік екен. Жанкешті жұмыспен жетілген Бердібек ағам да бақниға аттанды. «Арғыммаққа айдай таға қақтырған» азамат еді. Тәрбиесін көрдік. Тағалымын алдық. Тәжірибесін түйсіндік. Бақ қонған бәйтерек-ті. Биік еді. Белек еді. Саялы еді. Аялы еді... Біздің жерлесіміз Әубәкір Смайыловтың «Қайран Мұқан, қара өленнің шынары, Шынар ғана шынарларша сынады» деген жыр жолдары бар-ды. Ширақ жүрген Бердібек ағам да шынарларша шарт сынды. «Шамырқансам, шатынап шынар болатын» деген Махамбет ақын...

Неге шамырқандыңыз екен, Бердібек аға?!

**Бауыржан ОМАРҰЛЫ**

## ЕРЕКШЕ АСЫЛ АДАМ



Бердібек Машбекұлымен алғашқы танысуым ХХ ғасырдың 80-жылдарының аяғында Қызылорда қаласында болды. Ол кезде Бердібек Машбекұлы Білім министрі Шайсұлтан Шаяхметовтың орынбасары болатын. Қызылорда педагогикалық институтының ректоры Абай Айтмұхамбетовтың кабинетінде жұмыс барысын талқылағаннан кейін, түскі асқа біздің үйге келдік. Ас үстінде кім екенімді, қайдан білгенімді, мамандығымды, проректорлық жұмысымды көріп-білгеннен кейін: «Сен неге ректор болмай жүрсің?» деген сұрақ қойды. Мен: «Ол маған байланысты емес қой» деп күлдім.

Көп ұзамай ректорымыз Әбекен Көкшетауға ректор болып ауысты. Босаған ректорлық орынға Бекең министрге менің кандидатурамды ұсынып, жұмысымды істей алатынымға көз жеткізіпті. 1991 жылы Бекеннің оң жылы сөзінің арқасында баламалы негізде өткен сайлауда жеңіске жетіп, ректорлық қызметке келдім.

Ол кезде министрлік Алматыда еді. Әрине, іссапармен барған кездерімізде

кездесіп, ой бөлісіп, қатар азаматтармен зайыбы Ғайшаның қолынан шөй ішіп, әңгімелуен құрып жүрдік. Бір-екі жылдан кейін Бекең Министрлер кабинетіне жұмысқа ауысты. Ол кезде де кездесулер жалғасын тауып жүрді.

1995 жылы күзде кезекті бір іссапарға Алматыға жүретін болып, Бекең телефон шалып едім, мен Қызылордаға бара жатырмын деді де, телефонды қоя салды, түсінбей қалдым. Сөйтсем, Бекең Қызылордаға облыс әкімі болып келе жатыр екен.

Бекең әкім болғаннан кейін өзінің командасына іскер, жаңалықтарға құмар жастарды жинады. Бір күні мені шақырып, менің жеке іс қағазымды оқып берді: «Мәскеудің басқару университетінің «қала және қала шаруашылығы» мамандығын бітірген екенсің, неге әкім емессің?» – деді. Мен күліп: «әкімді мен қоймаймын ғой» дедім. Бекең де күліп: «Мен сізге қалаға әкімдік қызмет ұсынып отырмын» деді. «Мен ректорым ғой, ол өкілмен жоғары емес пе?» – дедім. «Жоқ, әкім жоғары» деді. Сөйтіп, әкім болған соң

ғана әкімнің жұмысының масштабын, жауапкершілігін сезіндім, шүкір, 4 жыл бойы Бекенмен қызметтес болып, жақсы қарым-қатынаста болдық. Өр кездескенде «жаңа идеялар керек» дейтін еді. Жаны жаңашылдыққа құмар болатын. Тыным таппай шарлық ауданды аралап, тұрғындармен кездесіп, мәселелерін уақытында шешіп отырды, халықтың алғысына ие болды.

Жаңа жұмыс, жаңа адамдар, әрине, оңай емес. Бүкіл елдің тыныс-тіршілігі, келешегі, барлығы әкімнің іс-қимылына, азаматтығына, біліміне, адамгершілігіне, дұрыс шешім қабылдауына байланысты екені белгілі. Осы жылдар бедерінде он бастамашыл, болымды басшы ғана емес, тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттілігін қалыптастыруға, зор үлес қосқан қайраткер ретінде танылды. Облысты басқарған кезінде нағыз ұйымдастырушылығымен, жанашылдығымен және еңбексүйгіштігімен ел ішінде, әріптестері арасында үлкен беделге ие болды.

Бекеннің облысты басқарған 1996-1999 жылдары қалада көптеген объектілер салынды. Тағзым алаңы, Амангелді ескерткіші, Арбат скеверлері, 6-7 субұрқақ, ұзартылған, абаттандырылған көшелер, бірінші қабатта ашылған дүкендер мен тұрмыстық қызмет көрсету орындары, мейрамхана, кафелер. Біздің әкімдік кезімізде қантар айында ТЭЦ-те күтпеген үлкен авария болды, пештердің төбесіне ғимараттардың плиталары құлап, жылу беретін қызындықтар істен шықты. Барнаулдан мамандарды шақырып, қараған қыста әлекке қалдық. Миникотелдерді сатып алып, қаланың 5-6 жерінде миникотелдер арқылы жылу бердік. Төбесі құлаған ТЭЦ-ті орнына келтіру, тағы басқа жұмыс жасалды.

Бекен ылғи ой үстінде жүретін, ертен не істейміз, келешекте аймақты қалай дамытамыз деп тыным таппайтын. Қарапайым отбасынан шығып, осындай биіктерге шығу ата-ананың тәрбиесі мен өзінің талап-тілегінің, ізденімпаздығының нәтижесі деп білемін.

Бекен өмір жолы келешек жастарға үлгі, ерекше асыл адам еді.

**Бакберген ДОСМАНБЕТОВ,**  
Ұлттық Ғылым академиясының академигі

# ЕРІН ЖОҚТАР ЕЛІМ БАР БОЛМЫСЫ БӨЛЕК ТҰЛҒА

2004 жылдың жаз айы. Қызмет бабымен Жаңақорған ауданы Сырдария өзенінің Қызылқұм жақ бетіндегі елді мекендер мен шаруашылықтарды аралап, тұрғындармен жүздесіп, тілдесіп, талап-тілегін біліп, аудан орталығына қайтып бара жатқанбыз. Жол бойында, шамалы қашықтықта орналасқан шағын ауылда жүргізіліп жатқан бір ғимараттың құрылысы көзге түсті, оны да көре кетуді жөн санадық. Құрылыс алаңына жақындап қалғанда жұмыстың қызу жүріп жатқаны байқалды, үйілген кірпіштердің жанында таяғына сүйенген бір қария кісі орнынан тұрып, бізге қарай жаймен қадам жасай бастады. Бізде асығыс көлікпен түсіп, ақсақалға қарсы жүріп, амандасуға бет алдық. Қасымдағы аудан әкімі қарияны алыстан танып, бұл кісі Бердібек Сапарбаевтың әкесі деп айтып ұлгерді. Қария сәлемімізді қабыл алып, амандық сұрасқан соң, біздің біліміз келгенді сезгендей, ауыл туралы, салынып жатқан құрылыс туралы жаймен айта бастады.

«Мен ауылдың бүгінгі жасы үлкен қариясымын, зейнет жасына дейін «Өзгент» совхозының осы «Ақжол» елді мекеніндегі бөлімшесін басқардым.

90-жылдардың басында, колхоз, совхоздар тараған соң, жұмыссыздықтан көптеген елді мекендердегі тұрғындар облыс, аудан орталықтарына көшуді бастады. Бірақ мен ауылдастарымды осындай қадамға бармауға ақыл-кеңес бердім, сендірдім, бірлесіп егін, мал өсіруге, елді мекендегі бар мәселелерді жұмыла отырып шешуге шақырдым. Ауылымызда тек бастауыш мектеп ғана бар еді, соны асармен бүкіл ел болып, қысқа мерзімде құрылысты аяқтап, орта мектеп дәрежесінде қайта аштық. Оған дейін балаларымыз 5-6 км жердегі 1 Май ауылына барып оқитын еді. Негізінде ауылымыз Сыр бойында орналасқандықтан егінге де, малға да жайлы жер. Бірақ бұрынғы кеңес дәуірі кезіндегі шаруашылықтың ізі де қалмады, бәрін де қайтадан бастауға, ұйымдастыруға тура келді. Қазір Аллаға шүкір, елдің тұрмысы жақсарып келеді. Ал мына құрылысқа келетін болсақ, байқаған боларсыздар, ауылымызда мешіт жоқ, халыққа дінге деген оң бетбұрыс бар. Соны ескере келе осы мешітті салдыруды қолға алдым, амандық болса биылғы жылы аяқталып қалар» деп қария бізге жымия қарады, жүзінде шаршағандықпен қатар ауыр сырқаттың белгісі де байқалды.

Реті келген соң, мен Машбек ақсақалға баласы Бердібекті жақсы танытынымды, елге, халыққа сыйлы, абыройлы азамат

екенін жеткіздім.

Ақсақал рақметін айта отырып, «Бердібек жастайынан еңбекке ерте араласты. Айтып кеткенімдей, біздің ауылда тек бастауыш мектеп ғана болды, сол себептен Бердібек 5-6 км жердегі 1 Май ауылындағы орта мектепте оқыды, қысы-жазы күнде жаяу барып, жаяу қайтатын, білімге деген құштарлығынан болар, қиыншылыққа мойын бермеді, төзді. Әрі тұңғышымыз болғандықтан үйдегі шаруашылықты жүргізуге, тұрмыстағы кемшіліктерді жөнууге де маған, анасына көмекші болатын, онымен қатар бауырларының да сабақтарына көмектесуі, қамқор болу оның мойнында еді. Құдықтан су тасу, мал

ұлымен Алматыда, Абай атындағы опера және балет театрында, соңғы қоштасу рәсімінде осы Машбек қариямен болған кездесуім есіме түскен еді.

Осы биік адами қасиеттердің негізі, іргетасы Машбек ақсақалдың тәрбиесімен, өскен ортасымен, көрген қиыншылықтарымен, оған мойымай табанды күресумен өткен балалық шағында қаланғаны даусыз. Бұғанасы қатпай жатып, сондай ауыртыпалығы, сынағы көп мектептен өткен Бекең кабинетте отырып, басылық жасайтын әкім емес, елдің нағыз ортасында қиналған шақта халықтың жанынан әрдайым табылатын, бірге болатын, жаны да, жүрегі де солармен бірге қиналатын басшы болды,



сұғару, шөп-жем беру ол да тынымсыз еңбекті талап ететін. Жазғы демалыс кезінде де тыным таппайтын, шөп орады, егінге көмектеседі, кесек құяды және тағы басқа жұмыстар. Сол себептен балам Бердібекке, осындай қиын өмір мектебінен өткен алдыма, оның істеп жатқан қызметіне мен алаңдамаймын, оның әрбір іске үлкен жауапкершілікпен, талаппен қарайтынын жақсы білемін. Тек құдай оған амандық, ұзақ ғұмыр берсін» деп ақсақал көңілі толқып, терен бір демалып алды.

2023 жылы жазда Бердібек Машбек-

асы болмысымен елдің ерекше құрметіне бөленді, ерен еңбегімен есінде қалды.

Ақыл мен жігер, кісілікпен қатар кішіпейілділік, әділдік пен адалдық, іскерлік пен біліктілік Бекене тән қасиеттер еді.

Олай болса Бердібек Машбекұлының жарқын бейнесі, үлгілі өмір жолы, атқарған қыруар еңбегі ел тарихында, қазақ ұлттық жадында мәңгі сақталатыны сөзсіз.

**Икрам АДЫРБЕКОВ,**  
мемлекет және қоғам қайраткері

## БІРЕГЕЙ

Мемлекет – өте күрделі ұғым, оның да сан алуан сипаты бар. Соның бірі – тіршілік тінін қамтамасыз ететін адам ағзасына ұқсайтындығы.

Мемлекеттің де балаң, есейген және еңсө көтерген шағы болады. Оның да шаршап-шалдығатын, тіпті дағдарысқа ұшырайтын кездері бар. Осындай сын сағаттарда қиындықты қатепті қара нардай көтеріп, кедергіні қиынын тауып өңсереетін азаматтар көш бастайды. Бердібек Сапарбаев – өліміздің бес бірдей өңірін дағдарыстан алып шыққан іскер әкім, бірегей азамат.

Б.Сапарбаев Сыр еліне әкім болған жылдары қарапайым халық ішінде осыдан екі жыл бұрын ғана айналысқа шығарылған ұлттық теңгенің өзін әлі қолына ұстап көрмегендер аз болмайтын. Қаржыгер әкім сол жылдарда облыс көлемінде 50,100 теңгелік құны бар вексельдерге дейін шығарып, бұл проблеманың да кілтін табады. Нәтижесінде Сапарбаев векселі облыстың қаржы жүйесімен жұмыдасып, сол заманда орныққан уақытша олқылықтың орнын толтырып жібереді.

Кезінде осы облысты басқарған азамат ретінде айтарым: Б.Сапарбаев Қызылорда облысының билігін ең қиын кезеңде қолға алды және оның жылдар бойы қордаланған проблемаларын қисынын тауып шеше білді.

Ғасырлар тоғысында – 1999 жылы халқының саны Қызылордадан үш есе көп, еліміздің ең үлкен әрі қазағы қалың өңірі – Оңтүстік Қазақстан облысына әкім болып тағайындалды.

Оңтүстік өңірі – тек республикалық бюджет арқылы қаржыландырылатын жалақы, зейнетақы, жәрдемақы мен түрлі әлеуметтік көмек алатын адамдар өте көп шоғырланған облыс. Мұндай төлемдердің бірнеше ай бойы кешеуілдеп жететіні ол уақытта қалыпты жағдай еді. Қарапайым халық мұны әкімнің қырсыздығынан деп ұғатын.

Облыс экономикасындағы проблеманың ең үлкені газ және электр энергиясымен қамтамасыз ету болатын. Газ түзгілдей Өзбекстан тарапынан келетін. Ақша санауға ұқыпты көршілер ақысы уақытында төленбеген газ көлемін азайтып отырды. Қарыз көлемі шекті мөлшерден асқанда газ жеткізуді біржолата тоқтатқан кездер де болды. Сол кезде өзге елді мекендерді былай қойғанда, облыс орталығы – Шымкенттің көп қабатты үйлеріндегі халық қазанын аулаға шығарып, ас-ауқатын далада дайындауға көшті.

Жағдайдың бұлайша ушыға түсуінің тағы бір себебі, облыста газ тарату мекемелері Алматыдағы алпауыттар мен жергілікті байықештердің қолына өтіп кетуінен еді. Олар өз қалтасынан сыңар тенге шығармастан сырттан келген газ бағасына басыңқырай үстеме қосып, оның құнын шарықтатып жіберді.

Облыс электр жарығымен де өзін-өзі қамтамасыз ете алмайтын. Электр энергиясының басым бөлігі іргедегі Жамбыл облысынан, қалғаны сол баяғы Өзбекстаннан келетін. Бұл сала да жекеменшіктің қолында еді. Олар да кетеуі кете бастаған подстанцияларды жөндеп, жаңа желі салудың орнына жайлы кабинеттерде отырып, онысыз да қымбат тарифті одан әрі үстемелеумен болды. Кешегі кеңес заманында бір киловатт электр энергиясына екі тиын ғана төлеп үйренген халыққа бұл өте ауыр тиді. Қымбат электр энергиясы енді ғана аяғынан қаз тұрып келе жатқан орта және шағын кәсіпкерліктің аяғына тұсау салып, алдымен аштырмады. Проблеманың ең үлкені осының бәрін өз қолымен жасап отырған кісілер кәсіпкерлердің алды облыс мәслихаты депутатының жайлы орынға таянып жайғасып, әкімнің өзіне қокан-лоққы көрсете бастағаны еді.

Қазақи дәстүрді берік ұстанған Бердібек әуелі ата дәстүрімен олардың әрқайсысымен жеке жүздесіп, мән-жайды түсіндіріп, мәмілеге шақырды. Жіліктің жайлы басынан айрылғысы келмеген олар қарсы шабуылға шығып, жалдамалы ақпарат құралдарын іске қосып, жоғары жаққа арызды тоғытты.

Шамырқанса шорт кететін Бердібек те аныш қалған жоқ. Облыстағы стратегиялық нысандардың заңсыз жекешелендірілігін бұлтартпайтын фактілермен дәлелдеп, сот арқылы мемлекет меншігіне қайтаруға көшті.

Ташкентке барып, өз әріптестерімен, өзбек министрлерімен кездесе жүріп, газ жеткізуді де жолға қойды. Электр бағасы да реттеп, меншік иелерін түзбесіне келтірді. Халықтың рухани, мәдени өмірін де ұмытпай, елдің еңсесін тіктейтін толып жатқан игілікті шаралар атқарып, Түркістанның тойын дүрділетіп өткізді.

Сапарбаевтың өміріндегі тағы бір шешуші сәт 2009 жылдың көктемінде туындап, ол тағы да проблемалары басынан асып жатқан Шығыс Қазақстан облысына әкім болып тағайындалды. Өзімен бірге жылы шырай ала келген жаңа әкімнің әр қадамы жергілікті халықтың қолдауына ие болып, зиялы қауымның ыстық ықыласына бөленді.

2010 жылы облыстағы бірқатар елді мекендерді көктемгі қарғын су басты. Халықшыл әкім етігімен су кешіп, қалың елдің ортасында жүрді. Үкіметтің тілін тауып, топан судан зардап шеккендердің бәрін өтемақсысын беріп, суға кеткен тұтас ауылдарды биік беткейлерге көшіріп, тізілдіре жаңа баспаналар салды.

Бұл кезде Қазақстанның аса ірі өндіріс ошақтары шоғырланған Ақтөбе облысының ішкі жағдайы ушығып кеткен еді. Осы бір шетін жайды орнықтырып, елді тыныштандыру үшін басылық Б.Сапарбаевты енді Ақтөбе облысының әкімі қызметіне тағайындады.

Ақтөбе облысындағы мұнай-газ кеніштерінің басым көпшілігі жаппай жекешелендіру кезінде түрлі жолмен Қытайдың алпауыт компаниясы CNPC-дің еншілес мекемелерінің меншігіне өтіп кеткен еді. Бұл кәсіпорындарда еңбек ететін жергілікті халықтың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлерінің алатын жалақы мөлшері қытайлардан бірнеше есе төмен. Оның үстіне пайдаға шаш етекпен батып отырған «CNPC Ақтөбемұнайгаз» компаниясының әлеуметтік салаға көрсететін көмегі де тым мәрдымсыз. Тегеурінді әкім оларды сын тезіне алып, теңгерімшілікті талап етті.

Ақтөбеде ел аман, жұрт тыныш болған 2016 жылы лаңкестер қала ортасындағы екі бірдей қару-жарақ дүкенін басып алған соң, мұздай қаруланған әскери бөлімге шабуыл жасап, жазықсыз тұрғындарды оққа ұшырды. Әкім дереу Қорғаныс министрлігі, Ұлттық гвардия, Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Ішкі істер министрлігі басшыларымен байланысқа шығып, үрейленген елді де, ушыққан жағдайды да тез арада ретке келтіруге бар күшін жұмсады.

Жамбыл облысында «дүнген дүрбелені» орын алғанда небір қиын түйіндерді қисынын тауып шешетін Сапарбаев тағы алдының шешке шықты. Елді тыныштандырып, алаң жұрттың көңілін сабасына түсіру үшін ол енді Жамбыл облысының әкімі қызметіне тағайындалды.

Бердібаев бұл қызметте де абыроймен атқарып, өмірдің жетінші белесіне аяқ басқанда «кейінгі толқын – інілгерге» көңілінің де, қызметінің де төрін ұсынып, зейнетке шықты. Жақсы ағаның соңында бес облысты асқан шеберлікпен басқарған бірегей әкім деген абыройлы аты қалды. Халқына қызмет ету үшін туған ерге бұдан артық қандай құрмет керек?! Ендігі жерде асыл азаматтың ел жадында жазылған екінші ғұмыры ұзақ болмай деп тілейміз!

**Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД,**  
мемлекет және қоғам қайраткері, академик

## ӨНЕГЕ ӨРІСІ

«Ел басқарар жігіттің өтек-жеңі кең болар» дейді халқымыздың ғиברатты сөздерінің бірі. «...өтек-жеңі кең болар» дегенде оның атымтай жомарттығы, немесе кең қолтық дарқандығы ғана емес, алдымен мінез-құлқы, білімі, ақыл-ойы, адамдарға, қоғамға, қоғамның ыстық-суығына төзімділігі, іскерлігі, қайраткерлігі сияқты қасиеттері ескерілсе керек.

Халқымыздың ел басқару дәстүрінде, тарихында ежелден ел алдына шыққан адамға талап та, тілек те ең жоғарғы тұрғыдан қаралатыны қоғам санасында орныққан. Сондықтан да мейлі, ауыл, аудан, қала болсын немесе облыс, республика көлеміндегі болсын билік басына келген адамның көпшілік көңілінен шығуы да онай емес. Сол қиынға шыдас беріп, халық қамын қамтуға адал еңбек ететін адамдарды да ел таниды, ондайла олар билік басында да адамға түсіністікпен қарап, қолдау көрсетеді. Қандай да бастық, лауазымды қызметкер болса да ел кейбір жағдайдың бір күнде шешілейтін, мысалы егістік сугаратын канал бір күнде орын болмайтын немесе мектеп бір күнде тұрғызылмайтынын жақсы біледі. Сол проблемаларды шешу жолдары, қаржыландыру көздері анықталып, жоба, жаспарлар жасалып, орындаушылары белгіленіп, жауапкершілік тұрпатталып жатқаны ел сенімін орнықтырады.

Қысқа кайырып айтқанда, елмен бірге болу, тіл табысу, олардың мұң-мұқтажын дер кезінде шешуге нақты қаракет жасау, адамдардың құқығын сыйлау, заң аясында тұрмыс құрып, сөз бен істің бірлігін байланыстырып еңбек ете білген басшы халық қолдауына ие болып, ыстық ықыласына кенелуді де сөзсіз.

Сондай елге танымал азаматтарымыздың бірі – Бердібек Машбекұлы Сапарбаев.

Ол жастайынан өз қабілетін қатесіз бағамдап, өмір жолын дұрыс таңдай білген жігіт. Жоғары оқу орнына түспес бұрын жастардың басым көпшілігі тән қандай да еңбек етуді ауырсынбай, жеңіл жол іздемей жұмысшы да болды, азаматтық парызын орындап, әскер қатарында да қызмет етті.

Бердібек Машбекұлы тәуелсіз мемлекетіміздің соңғы 30 жылдан астам дәуірінде Премьер-министрдің орынбасары, Үкімет Кеңесі бастығы, министр, Кеден комитеті төрағасы қызметтерін айтпағанның өзінде жырға жылыға жуық Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Жамбыл облыстарының әкімі қызметтерін атқарыпты. Өңгіме тек жоғары лауазымдарда емес, адамның сол мемлекеттік жауапты орындарда зор абыроймен еңбек етуінде. Ол туралы қоғамдық пікір сарапталып, әкімдер жұмысына рейтингтік баға беретін әртүрлі институттардың, бұқаралық ақпарат құралдарының әр жылдар қорытындысы бойынша дауыс беру арқылы жинақтап жарияланған көрсеткіштері де куә.

Көп жылдар әкім Сапарбаев үздік топтың қатарында аталып жүрді. Бекең республика Президенті қай орынға қойса да сонда табысты еңбек ете алды. Адал, әділ, білікті басшыға жақсы сөз ерді. Кейбір мансап иелерін қызмет көтереді. Ал Бердібек Машбекұлы өзінің еңбекқорлығымен, мемлекет ісіне адалдығымен министр, әкім деген лауазым-

дардың беделін көтерді. Жас әкімдерге, әсіресе аудан, қала дәрежесіндегі қызметкерлерге жақсы үлгі бола білді. Қай өңірге, қай салаға барса да Сапарбаевтың өзіне тән жұмысының ізі, нәтижесі бар. Олар мектеп, аурухана сияқты әлеуметтік нысандар болсын немесе спорттық, өнер кешендері, жол құрылысы, кәсіпорындар, жаңа жұмыс орындары болсын ел-жұртың тұрмыс жағдайын жақсартуға қосылған қоғамдық, елдік қор, қазына. Бекең енді ресми қызметтерін абыроймен тәмамдап, Президент Жарлығымен әкімдік қызметін тапсырып, еркіндікке яғни, зейнетке шықты. Сондықтан да замандастарымыздың қатарында еліне деген адал еңбегінің жемісін, жақсылығын көруге толық құқылы болғандықтан оның 70 деген мерейлі жасына ұлтмыздың «Жақсынын жақсылығын айту» деген ұстанымын ақ тілегімізбен қосқанды жөн көрдік.

Аман не, тағдырдың, мезгілдің шешімі еш пендеге белгісіз бір ғайып. Ол тек күдіреті күшті Ұлы Алланың құзырындағы құбылыс.

Ендігі кезең – Бекеннің отбасы, жары, ұл-қыздары, ұрпағы, халқына, мемлекетіне, Отанына аянбай еткен еңбегі, достары, әріптестері, замандастары арқылы жалғасын жақсы аты, мәңгілік сапары. Жаны жаннатта болғай.

«Жақсының аты өлмейді» деген ғибератты сөз дәл осы Бердібек Сапарбаев Машбекұлы сияқты тұлғаларға айтылса керек. Оның мемлекеттік қайраткерлік еңбегі ел-жұрттың көз алдында, жадында, ұрпаққа өнеге.

**Қуаныш СҰЛТАНОВ,**  
мемлекет және қоғам қайраткері

## ІСКЕРЛІКТИҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

Биыл туған халқына, ұлтына қалтқысыз қызмет еткен, тұтас елдің шынайы алғысын алған Бердібек Машбекұлының дүниеден өткеніне үш жыл толды. Ағамыз кеткенде бір ғана аулеттің емес, Алтай мен Атырау арасындағы тұтас халықтың қабырғасы қайысты.

Бердібек Машбекұлының өмірі «атың жалында, түйенің қомында» өтті деп айтуға болады. Еліміздің ең қиын салаларына жетекшілік етті. Бір-біріне ұқсамайтын 5 аймақты, қазіргі 6 облыс, 1 ірі мегаполис қаланы басқарған Қазақстандағы жалғыз тұлға. Көбіне жұмысы ақсап жатқан аймақтарға арнайы жіберетін.

Ел аузында қанатты сөзге айналып кеткен «Ер екеніңді білейін, Шымкентті басқарып көрші» демекші, жарық пен жылуысыз отырған Оңтүстік Қазақстан облысына әкім болып барып, іргелі істермен айналысып, үміт отын жағып, ел еңесін көтерді.

Түркістанның 1500 жылдығын халықаралық деңгейде атап өтіп, тарих

бетінде, ел есінде елеулі істерімен қалды. Уақыт пен ауа райына қарамай жұмыс істейтін ағамыз Шығыстың шырайын келтірді, Өскеменді өскеңге қалаға айналдырды. Бір қызметтен бір қызметке ауысқан кезде, атқарған жұмысына риза болған халық алғысын айтып, қимай қоштасып, тіпті көздеріне жас алып, қошемет көрсеткеніңіз де куәсі болдық.

Ағамыз марқайып қалса да, шалқаймайтын еді. Қазақ қоғамында адалдық пен іскерліктің феномені деп аталды. Халық пен билік арасында кризис менеджері болып парасаттылықтың өнегесін көрсетті. Қай өңірде болса да қазақ руханиятына қалтқысыз қызмет жасады.

Баяғы заманның батырлары сияқты өмірдің соңына дейін аттан түспеді,

дамды таппады, жастарға білгенін үйретті, жүздеген шәкірт тәрбиеледі. Сол шәкірттері – қазір Қазақстанның өркендеуіне үлес қосып жүрген майталман мамандар.

Ағамым жолым түсіп аймақтарда бірге болғаным бар. 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы мемлекеттік деңгейде атап өтілді. Сол комиссияға төрағалық етті. Біз Тараз қаласына ай сайын барып тұратын едік. Сол кезде таңғалғанымыз, құрылысшылар мен идеологтарға ақылын беріп, нысандарда қолтаңбасын қалдырды. Ауқымды жұмыс жасады.

Одан кейін Ақтөбе облысына барғанда 2016 жылы «Нұрлы жер» бағдарламасы басталған. Үкімет басшысы Бердібек Машбекұлына қолқа салып «Сіз басқа аймақтарға өнеге болатындай тұрғын үй құрылысын бастап беріп, кәсіпкерлерге айтсаңызшы. Сіздің тәжірибеңіз бар ғой» деді. Сонда ағамыздың бірауыз сөзі мемлекеттік көпшілік сияқты еді, қазіргі

кәсіпкерлердің тілімен айтқанда государственная гарантия болды. «Мен өзім жауап беремін» деген бірауыз сөзіне құлақ асып кәсіпкерлер өз қаражатына тұрғын үйлер салды. Миллиардтаған қаржы 5-6 айдан кейін барды. Бір-екі ай ішінде жүзделген қоттеждер, 3-5 қабатты үйлер, шағын аудандар бой көтерді. Ақтөбе облысында одан басқа «Анаға тағзым», театр, спорт кешендері, шығармашылық үйлері, жалпы әлеуметтік нысандар кәсіпкерлердің демеуімен салынды. Үкімет басшысының басқа облыстарды семинарға жинап, «Ақтөбе облысынан үйреніңдер» дегені әлі есімде.

Астана қаласында 2019 жылы 5 бала қайтыс болып, көпбалалы аналар толқыған кезде, Үкіметтік комиссия құрылып, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі ретінде Бердібек Машбекұлы алғы шепте болды. Сол кезде 75 кездесу өткіздік. Еліміздің 50 елді мекенінде болып, Астананың өзінде 25 кездесу жасадық.

Ағамыздың абыройы асқақ болды. Халық сыйлады, сөзіне тоқтады. Сондықтан осы жағдайдың реттелуіне Бердібек Машбекұлының абыройы себепкер болды деп ойлаймын.

Жамбыл облысына әкім болып барған кезде «Биофарм» зауытын салуға көп еңбек сіңірді. Ковид өршіп тұрғанда мыңдаған адам өмірін сақтап қалуға осы вакцинаның үлесі тиді. Шетелдерден үлкен қондырғыларды алып келіп, зауытты іске қосқанда Бердібек Машбекұлының іскерлік, ұйымдастырушылық қабілетін көрдім.

Ағамыздың жүріп өткен еңбек жолы, адами, кәсіби қасиеттері жайлы шексіз айта беруге болады. Сонында қалдырған өшпес із, есімі мен жарқын бейнесі ел есінде мәңгі қалды.

**Мархабат ЖАЙЫМБЕТОВ,**  
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты

Ұйқы тығылған көзін ашты да, қалың көрпе астында ашылып-шашылған келіншегін оятып алармын деп былайырақ ысырылды. Күздің кара суығы сумаңдап, жұқалған қабырғаның қуыс-қолтығынан сыңалау тауып, ішке кіруге күштар. Таң атысымен Мырзабай атқаратын шаруа шашетек. Жакын маңдағы жұмыршардан ертеліп келіп, сүт сататын сарғыш мәшиненің үй іргесінен өтіп бара жатып, «мен келдім ғой, оу, қайдасындар, қапы қалмаңдар!» дейтін дабылын күтіп жатыр. Әзір тым-тырыс. Екі бүлдіршіні іргеліктегі ескілеу диванда. Жеп-женіл тыныс алғандары анық естіледі. Көрпелері ашылып қалмады ма деп мойнын созып, сол жағына ұзағырақ қарады. Бала немелердің есіл-дерті дала. Күн жылт етсе бітті, бірнәрселері ұмыт қалғандай, аяқтарына ілінгенді сүйретіп тысқа жүгіреді. Ал күздің кара суығы бала түглі үлкендерді ұрып жыққандай. Қазан айындағы жағдай мынау, ертең қараша тұғанда не болмақ? Ертеңді-кеш үйде болған соң, бала-шағаның анау-мынауына басымен жауап беретін адам – Мырзабай.

Базаркүлдің қаладағы жұмысынан қолы босамайды. Шетелдік компанияның бас корпусында еден жуушы. Еден жуатындығын Мырзабай ғана біледі. Өзгелер үшін – менеджер. Ерте кетіп, кеш келеді. Төтенше отырыс ұйымдастырылса, түннің бір уағына дейін жұмыстары түгесілмейді. Бір жақсысы, беймезгіл уақытта алаекіне боп көлік іздемейсің. Компанияның жеңіл мәшинесі ақы-пұлсыз есік алдына әкеп тастайды. Айлығы уақытылы, ара-тұра қосымшасы және бар. Оу, мынадай қысылтаң заманда ондай жұмысты қайдан тапқасың?! Бәле-жаласынан аулақ, денсаулық берсін Базаркүлге! Мырзабайдың және бір қуанатыны, кеше кешкілік кішкентайы жетеліп, ыстығы көтеріліп мазасызданып шығып еді. Қазір тәубе, баланың ұйқысы тыныш.

Әйелі тамағын кенеп, әдейі жөткірінді, ояу екен:

– Мырзаш?

– Оу.

– Арбатқа баруды да сирексіткің ғой.

– Бармайын деп жүрген кім бар. Осы күнгілерге түсінбеймін-ақ. Көзде жүзген ақкуға, құйрық-жалы күлтеленіп, жүйтікіп бара жатқан арғымаққа қызығушылықтың пәсі әлі күнге дейін бір бәсендер емес. Ойға шақыратын, ойландыратын, адам баласының ерекше қозқарасын жиыптеріп бір нүктеге әкеп тоқайластыратын сюрреалистік тақырыпқа жазылған картинаға назар салмайды, жанынан ыздып өте шығады. Азын-аулақ қаражатқа қан сорпаң шығып жазған жарғаманды көзің қиып, қалай бере салмақсың. Түбі жаман болмасымыз анық. Түс көремің, түсім тәуір, соңғы жағы тіпті көрерме...

– Нені айтасың?

– Түсімді-дағы...

– Құдай шебер-ай... сағат қанша болды? Сенің ертеңгіңді езіп жатқанда жұмыстан қалай қоймайық... Базаркүл тысқа кеткенді: – Мырзабай, ұйықтап кеткеннен саумасың? Сүт сататын мәшиненің гүрлің естімедің бе? Сержантайға май қосып, сүт пісіріп бер. Тамағының қызылы әлі қайта қойған жоқ. Тысқа шығарма, үстің-басың жылы ұста...

Сарғыш бедонды қолына алған Мырзабай асығыс-үсігіс сыртқа атылды.

\*\*\*

Арадан апта өткен соң Базаркүлдің шай-суын күні бүрүн әзірлеп, ошаққа тексеруіңді томырын молынан қаластырып, үйінің шын тап-түйінді жинастырған Мырзабай ұйықтар алдында келіншегінің жамбасын сипап жатып, бір бұйымтайдың шетін шығарды.

– Базар...

– Ау...

– Білесің ғой мені. Селтенбай жүрісті жаным сүйейді. Нәтижелі шаруамен айналысқанды ұнатамын.

– Ал?

– Арбатқа барғанмен суреттің неге сатылмайтыңдығың енді түсіндім.

– Бәли.

– Таңдан, таңданба солай, үнемі бір қозғаушы күш жетпейді де тұрады.

– Ол не тағы?

– Ол – аруақтарға Құран бағыштау...

– Не дейсің? Асықпай, аптықпай түсіндіріп тұрың.

– Елге барып, ата-баба рухына тағзым етіп, мал шалып, бата алып, тазарып қайтуым керек жұық маңдай! Онсыз болмайды. Түс жорысым ылғи соған саяды.

– Дұрыс-ақ, сен кеткенде балаларға кім қарайды?

– Апаң бар ғой...

– Апаң көнсе. Шалының қасынан қарсы сүйем шыққысы жоқ, ауру баққан кісінің жағдайы белгілі.

– Дегенмен, о жағы саған, сенің жеткізіп айтуыңа байланысты. Айта алмаасаң өзiм-ақ... Ары-берісі мықтағанда екі-үш күн. Апаңды білем ғой, апаң күйеу баласының өтінішіне қарсы келмейді.

– Көрерміз...

– Маладес, қатын!...

– Сен секілді ертеңді-кеш қағаз шиймайлап, үйде омылып отырғанымыз жоқ. Бізге тыныштық бер, ертең жұмыс.

Мырзабай келіншегінің аяқ-басын қалың көрпешемен қымтай түсті.

\*\*\*

Ежелден белгілі ауыл тірлігі... Таңның атысы, күннің батысы, қолдағы азын-аулақ мал-текеңің арқасында асуларын әзер айырып отырған теңіз жасалауындағы ауыл тұрғындары суретшіге жақат асай-мүсейлерін арқа-



Суретші Мырзабай

## АУКЦИОНДА САТЫЛҒАН ПОРТРЕТ

лап, аудан орталығынан тәулігіне бір мәрте қатынайтын шолақ автобустан түс әлетінде түсе қалған Мырзабайдың құдды ғарышкерді күтіп алғандай, тікелерінен тік тұрып қарсы алды. Мырзабайдың марқұм болған әке-шешесін танытын бірді-екілі қартаң кісілер көздеріне жас алып, өткен шақты емірене еске түсірді... «Дәукеннің орны ойсырайып тұр, ардың-гүрдің мінезі болғанымен қолы ашық, торға түскен тарта-тобырды елге түгелдей таратып беретін дарқан көңіл азамат еді, – деп, бет синпасты. Анасы туралы да аңызға бергісіз әңгімелер айтылды: – Дер кезінде жанымызда жүрген жақсы адамдардың баршаға болсын-ай дейтін тәлеуор ниеттерін бағаламағандықтан тағдыр бізді де аяған жоқ. Кімге шағым айтамыз, біздің осы көрген азабымызды өзімізден өзге тірі жанның басына бермегей. Осымен тоқтам болса да алғысымыз шексіз-ді. Ай, қайдам-ау, қайдам?! Табиғат жарықтықтың мұнша сезімталдығы мен мұнша көрегендігін кім білген. Төрт көзіміз түгел отырғанда ұлы теңіздің ұлтанан ала шаңдаққа толтырып, құмды өлкенің жалғыз жанарындай жарқырап жатқан айдын шалқардың тұқымын түздей құртып, қу тақырға айналадырмыз алдық. Ой, жалған-ай, сол, сол ғой... оның арғы астарына ақылгөйсін, кеспептеселдің туына кімдер себепші болды деп, болары болып, бояуы сіңген жағдаяттың ашы өзегін қуалап, бекерге арамерт болудың қажеті қанша?! Ниеттен ғой барлығы! Ниеттері тузу ақперен адамдар айналымында толып жүргенде о заманда-бұ заман теңіз тартылды дегенді естіген кім бар?! Сенің әке-шешен құдайдан тілеген адамдар болып шықты негізі! «Мына сұмдықты көргенше қарамызды батырып, мәңгілік мекенімізге барып жайғасайық» деді де, кетіп қалды. Жөн олардыкі. Ертеңгілік көзімізді тырналап ашармыз-ау, тіріміз деп тілімізді мың мәрте қолмаға қелтірерміз-ау. Сосын, сосын ше... Күн тас төбеге тырмысқанша төңірек ішін тартып, шармайді тыныштық орнап тұрады да кенет... о құданның күдіреті бір есапан табиғат-анамыздың шабын түртіп қалғандай, аяқастынан аласат күм борасын төпеп бір біреді-ай! Қарға адым жерге жетуің азап. Төбелден жауған қиыршақ күм арқа-басынан көктей өтіп, аяғынан бір-ақ шығады. Құм, құм. Шілде айында ақ боранның астында қалғандайсың. Ішкен-жегенің құммен аралас. Аузы-басың қиыршақ лаған қызыл құм...

Бір тұтам тірліктегі көрейін деген көресің осы ма?! «Әке-шешем өмірден ертерек өтті-ау деп қайғырма, ұйым жеме, айналайын! Ниеті адал адамдардың баратын жері белгілі. Жұмақтың төріне жайғасқан жерлерстерінің ортасында жүрген шығар шалқып-тасып. Біз болсақ, міне... ұлы теңізді жоғалтып алып, зар илейміз. Ниеттері бұзықтарды топырақтың өзі жатырқайды білем, не ары, не бері емес, тозақ өткелінен өте алмай жүрген күйдеміз...»

Ниеті жақсы кісілердің жұрағаты саналатын Мырзабайдың тұла-бітімі барған сайын биіктей түсе ме қалай?! Адам-ау, Мырзабайдың күллі шығармашылық мұрат-мақсатының

соң, кішкене бой жазайыншы деп, бала күннен бауыр басқан осы төбеге тырмысып шыққан-ды. Төбе басынан төңірек түгел көрінетін. Әсіресе, күн батардағы көкжиектің ал-қызыл жалынға орнатын көрінісін айтпаңыз! Нағыз суретші – Табиғат. Бұлардыкі әлдірмені жеткенше соның шалғайына жармасу, табиғат жарықтықтың мінезі кіді, жақтырмаға сенің жәдігөй қылығыңа көз қырын да салмайды, ат үстінен аударып жібергендей, сілкіп-сілкіп орта жолда тастап кетеді. Одан кейін келеге келудің екіталай. Артық па, кем бе, кім білсін, Мырзабай өзін бұл ортадан көргісі келмейді. Тұрасын айтқанда, өйтіп өлгісі келмейді. Таздың басындай қылтанақ өспейтін осы күм төбе... Ұйтқыған жел, күм көшкін... Адамның арбаған саусағы күм астынан сумаң етіп шығып тұр... Кескіндемедегі бар көрініс осы-тын... Көргендер тамсанып, түкірігін жұтты. Суреттегі оқиганы сөзбен өрнектеп, киноластыруға келгенде шебер ғой біздің халық: «Экологияға қарсылықтың мұнан асырып қалай айтпақсың?!» Бағасы осымен шектеледі. Түкірігін жұтып, таңқалғандарын қайтейін, жеме-жемге келгенде бейтаныс біреу: «пәлен теңгеге сатсаңызшы» деп посын сұрамайды. Сұрамаса – сұрамасын. Үш донғалақты қызыл мотоциклдің жүк салғышына суретті ақ магаман мұқият орап салған соң, Мырзабай күн кештеде Арбаттан сәл көңілсіздеу күйде, басы салбырап келе жатады...

Ауыл үш топқа бөлінген. Естіялар естелік айтумен күн кешуге дағдыланған, өздерін сөйтіп алдарқатады. Болашақтан күтетін ұміттері де шамалы. Мына Мырзабайдың әкешесі секілді ниеті жақсылардың жандарына жақындап, топырақ осы төңіректен бұйырса, басқасына бекерге «желіндемейді». Екіншілері – Мырзабайдың ауылда қалған бірен-саран ауру-сырқау замандастары. Жүздері қорқынышты, көздерінде жастықтың да, жылылықтың да тұтамдай белгісі жоқ. Белдері бүкірейген, тістері түскен. Сенің жүзіңе жалтақ-жалтақ қарағыштап, тамақ жібітетін нең бар дегендей, әлдене дәмемеді. Онысы бірекі жартылықтың құны. Қалтаңа қол жүгіртсең жұтқыншағы жыбырлап, әйелі ұл тапқандай ыржың-ыржың күледі. Жә, теңіз тартылсын-ақ, бірақ мына жайсандардың бет-ажарын суалтқан ненің зауалы?! Суретшіге сұраңыз тұрған тақырып. Үшіншілері – Мырзабайдың жанын түсінетін аздаған зиялы қауым өкілдері. Мұғалімдер, ауылнай, клуб, балабақша меңгерушісі, пошта, балық зауытының басшылары. Ауылға тұрбамен таза су тартып жатқан мекеме жұмысшылары да тірі суретшінің көруге асық.

Ауылға күрметті қонақ келді деп қадірлеп, күн сайын үйлерінен дәм татқызатын да солар. Мырзабайды там-тұламад әңгімеге тартады. Өркениет әлеміндегі шығармашылық үрдіс, қоғамның бет алыс бағдары, «түбі бізді не сақтап қалады?» дейтін күрделі сұрақтың жауабын да ұн-түнсіз отырып, Мырзабайдан күтеді. Әсемдік, сұлулық... жүректегі тазалығы, кісілік пен кішілік... Отырыс түн жарымынан ауа бере тарасады. Мырзабайдың әке-шешесін көргенде «тамаша ұл тарбеленді өсірген екен» десіп, сырттай алғыстарын жаудырады. Мырзабайдың да көкірегі көтеріліп-басылады, ауылға ара-тұра келіп тұрғанның артықтығы жоқ екен-ау деп, ішінен үгіттеледі. Ендігі жолы Базаркүлді бірге ала келеді. «Елдің жаман байын қалай сыйлайтындығын көрсін! Бәкім, одан кейін маған күнкілдеуің доғар...».

Асты-үстіне түсіп жатқан шынайы ықылас-пейілге «мен не істемекпін, менің тарапыман да бір шаруа орындалуы керек шығар?» деп, Мырзабай да аздап мазасызданады. Бірақ қандай парыз атқарарын тап басып айта алмайды. Бірде пошта бастықтың кең жайылған мол дастарқаны үстіңде Мырзабай ойламаған жерден «ұс-талып» қалды. Кеу-кеумен барған сайын қызуы үстемеленген әңгімедүкенге тұралап араласпағанымен Мырзабайдың «шабыты» буырқанды аяқастынан... Мә, безгелдек, бұрын-соңды мұндай желөкпелігі жоқ-ты. Ақбөрген, әлде Ақбөрген... осындай есімді кісі өмір сүреді екен бұл ауылда. Бір қызығы, ағайынмен мүлде араласпайды, біреудің үйіне бас сұқпайды, қуанышты, не қайғылы жағдайға да ортақтаспайды. Өзімен-өзі. Бала-шағасы да солай тәрбиеленген. Мейлі, кімнің қалай өмір сүргендігінде кімнің қандай шаруасы бар. Аман болсын да бұйырған несібесін теріп жеп, жүре берсін. Біреуге кесірін тигізбесе жарайды. Жер жетеді, құмды өңірдің қай «жетістігін» қызғанады. «Ойбай-ау, мәселе олай болмай тұр ғой!» деп зар илейді жерлестері Мырзабайға көздерінің астымен жалтақ-жалтақ қарап. Алғашында мұның мәнісін Мырзабай да түсінбеген. «Бұл не, мұның аяғы қайда барып тірелмекші?... Сүйтсе әлгі бар болғыр күн сайын қолына қалам алып, ақ қағазға бір нәрсе тұртпесе бойына ас жұқпайтын кеселге ұшыраған біреу болып шығыпты. Арыз жазғанда кісі жаңылдырады. Және айтқан өзкіне иланбасқа шаран жоқ. Бәрі, баршасы қолмен қойғандай, арасына бармақ баптайды, жұп-жұмыр. Біреудің баласы мектепке жылтырап кіннп барса, ол қайдан табылған төтенше табыс, баріміздің тұрмыс-дәрежеміз бір деңгейде емес пе дейтін көрнеді... Бейуақыт той жасағандар артынаша тексерістің шырмауына ілігеді... Бірақ Атыөшкір арыз жазды екен деп, ел соның қас-қабағына қарап отыра ма; біреу шілдеханна жасайды,

біреу үйленеді, біреу тұрмысқа шығады. Бір шәуімі шай мен бір асым ет қайда қалмай жатыр. Біреу үйіне бір мәшинені шөп түсірсе де, біреу үйінің төбесіндегі ескі шифрды қызыл черепицамен жаналаса да әңгіме. Мектептегі оқытушылардың деңі нашар. Көпшілігі бүгінгі методикалық талапты орындауға қауқарсыз... Клуб меңгерушісі неге ауласын силикат кірпішпен қоршап алған. Кімнен қорқалды, яғни таза емес... Айта беретін несі бар, күм өзегіндегі ауыл есекші ауыл, арызқой ауыл атанды. Отыз үйдің бірінің тауығы артық жұмыртқаласа да, сымыз телефон зың етіп орталыққа жетіп барады.

– Кім, аты кім деліндіздер? – Мырзабай да бір сұрақты бүйірден қойып қалды.

– Азан шақырып қойған есімі ұмытылған бүгінде. Оның қазіргі аты – Атыөшкір. Атыөшкір дегенде жылаған баланың үні шықпайды. Ауылдан көшіріп жіберуге біздің құқымыз жоқ. Не істерімізді білмейміз. Біздің айла-амалымыз таусылды, – деп балабақша меңгерушісі суып қалған шайын асығыс ұрттады.

– Біз шаршадық... Берекесі ортаймаған ел едік... бүйте берсе өзгелерге күлкі болатын жайымыз бар.

– Атыөшкірдің бетін кім қайтармақ? Күннен күнге өршіп барады. Тек, әйтеуір, түнде жатқан жас жұбайлардың «бұлар не істеп жатыр?» деп терезесінен сығаламағаны ғана қалды.

– Ал, қызық! – Мырзабайдың тыңдап қана тыныш отырғаны жөн еді.

– Қызық болғанда, сол қызықты бұғаулайтын күш тек сенің қолыңда ғой деп, саған басына айтқалы отырған жоқпыз ба, Мырзабайжан-ау?! – Мектеп директоры көзійнегін алып, суланған жанарымен Мырзабайдың жүзіне тура қарады.

– Жөн, жөн-ақ, – Клуб меңгерушісі Мырзабайдың жанына жақын келіп жайғасты. – Суретін қалай салсаң олай сал, саған ақыл үйрететін күш қайда бізде! Әзілдеп салсаң тіпті жақсы... Үлкейтілген портретің клубтың қабырғасына іліп қоюлық болар ма? Бірақ директоры көзіінегін алып, суланған жанарымен Мырзабайдың жүзіне тура қарады.

\*\*\*

Мырзабай портреттің тұрауасын екі күнде табандап отырып, толық аяқтады. Айнымасаң Атыөшкірдің сойып қаптаған нақ әлі! Аздап күлкісірейді. Көз алдында күлтегілі тұратын әжім іздерінің бірі жоқ. Мойында томардай кара галстүк. Ақ жеіде. Шашын сол жағына жылжитып тарған...


Кімнен естігенін, фотосын Мырзабайдың қолына кімнің апарып бергенін қайдам, «суретші сенің бейнеңді кенепке түсіру үшін арнайы келіпті-міс» деген хабарды да ұзыңқұлақ жеткізді ғой сол күннің ертенінде. Атыөшкірдің дегірі қашты. Үйге бір кіріп, бір шықты. Келіндеріне де, немерелеріне де бір түрлі суық көзқараспен қарады. Әрбір дыбысқа кірпілей жырылады. Ақыры өзі сол ойға мықтап табан тіреді. Әркім өз жағдайын өзі білуге тиіс. Әу бастағы азан шақырып қойған есімінің көп жыл өткен соң дәл сол сәтте сарт етіп, еске түскеніне таны бар. Жұдырықтай жүрегі алып ұшып, қалай дегенде де Ақбөрген бір іске мықтап бекінді: «Мейлі, мені мың жерден көк есекке теріс мінгізіп, бет-аузымды қисайтып сала берсін. Десе де мен әлі тірімін ғой. Кейіпкер өз бейнесін қағаз бетінен көргісі келсе, кімнің таласы бар...».

Өп, бөркелді! Күн кештеге Мырзабай тоқтаған үйге асығып-аптығы жетіп барды. Суретші бояу-бою қолын сұртіп, анау-мынау дүниелерін жинастырып жатқан-ды. Ақбөрген тірі жанмен амандаспады. Сол баяғы жау жапырғандай тиюлі қабақ. Әлдекіммен алыса кетуге де тастүйін дайын. Кеспін деп терезе алдындағы үстелге шығарып қойған суретін көргенде тілауызы байланып қалғандай, көздері жасаурап, қолдарын арлы-берлі ербелдете берді. Бұл неткен керемет! Адамды өстіп те айнытпай бейнелуге болады екен-ау, ә?! «Өзім әдемі кісі екем ғой, – деді ішінен, – ал, істеп жүрген тірлігім...».

– Сенің әке-шешенмен жүз шайысқан жерім жок еді... – Бар айтқаны осы. Сөйтті де апыл-ғұпыл сыртқа шықты.

Алматыға келген соң Мырзабай суретті аукционға салды. Саған өтірік, маған шын, сурет жарты сағат ішінде қомақты қаржағы сатылып кетті. Кім алды, о жағы құпия. Мырзабай Ақбөргеннің осы қалада тұратын ұлқыздары сатып алған шығар деп топшылайды. Мәселе онда емес, мәселе содан соң әйгілі арызқойдың жаздым-жанылым, ендігері қалам ұстасам қолым сынсын деп, жерлестерінің алдында мың-сан мәрте іліп-бүгіліп, кешірім сұрағанын айтсаңшы?! Енді бұл жаққа жолы түссе Мырзабайды өзін күтіп алып, сый-сияпатын жасап, өзін шығарып саламын дейтін көрінеді... Мырзабайдың да жолы оңарылады. Арбатқа табаны тісімен әлдекімдер аңдып тұрғандай, шығармасын шайғыма жеткізбей қағып әкетеді. «Бағыдан өстім керек еді. Әрине, тұған жер алдындағы перзенттік парыз мұңмен өтелмес, дегенмен шүкіршілік...».

Үш донғалақты мотоциклін жеңіл мәшинеге ауыстырған Мырзабай келіншегің кешкілік жұмысынан күтіп алып, қала сыртындағы қоржын тамына қарай құйындатып келе жатады.



# СЫР ТОПЫРАҒЫНЫҢ СЫРЫН ТАНЫҒАН ҒАЛЫМ

Қазақ даласында туған жердің қасиетін танып, оның игілігін елдің өркендеуіне арнаған азаматтар аз емес. Солардың бірі ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, белгілі топырақтанушы, агрохимик Хасый Жамантіков биыл 85 жасқа толып отыр. Бұл – бір адамның мерейі ғана емес, аграрлық ғылымға адал қызмет еткен ғұмырдың, Сыр өңірінің күрші шаруашылығымен бірге өрілген тағдырдың мерейлі белесі.

Хасый Жамантіқұлы Жамбыл облысының Меркі ауданында дүниеге келді. Табиғаты көркем, еңбек пен тіршіліктің қадірін ұғындырған өңірде өскен жас талапкер білімге құштар болып қалыптасты. Болашақ мамандығын ауыл шаруашылығымен байланыстыруды мақсат еткен ол Алматы қаласындағы Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ ауыл шаруашылығы институтында (қазіргі Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті) білім алды. Сол жылдары қалыптасқан ғылыми ізденіске деген құштарлық пен еңбекқорлық қасиет оның бүкіл өмір жолының теміржолына айналды.

1969 жылы жоғары оқу орнын тәмамдағаннан кейін институт табалдырығында танысқан курстасы әрі бірге қол ұстасқан зайыбы Тамара Жамантікова алай екеуі Оскемен қаласындағы облыстық тәжірибе стансасына жолдамамен жіберілген болатын. Алайда жұмысқа қабылданар кезде жасы ұлғайған әке-шешелері ауырып қалып кері қайтуға тура келді. Содан кейін Ауыл шаруашылығы министрлігі жолдаманы өзгертіп, жас отбасыны Қызылорда облысына қарасты Күрші тәжірибе стансасына жіберуді ұйғарды.

Осы себепті екі жас маманның тағдыры Сыр өңірімен тоғысты. Содан бастап Қызылорда жері екінші Отанына айналды. Жарты ғасырдан астам уақыт бойы ол Сыр елінің ауыл шаруашылығы ғылымының дамуына қызмет етіп келеді. Ғалымның бүкіл еңбек жолы күрші шаруашылығының мәселелерін зерттеумен, топырақ құнарлылығын арттырумен және өңір экологиясын жақсартумен байланысты болды.

Сыр өңірі – күрші өсірудің ерекше табиғи аймағы. Мұнда жоғары өнім алу үшін топырақтың жағдайын терең зерттеу қажет. Осы бағытта Хасый Жамантіков көптеген ғылыми зерттеуге жетекшілік етіп, күршілік топыраққа органикалық тыңайтқыштарды енгізудің ғылыми негіздерін қалыптастырды. Оның еңбектері топырақ құнарлылығын сақтауға және өнімділікті арттыруға бағытталды.

Ғалымның зерттеулері отандық минералдық ресурстарды тиімді пайдалануға да арналды. Ол Қаратау сілемдерінен өндірілетін полифосфатты минералдық тыңайтқыштардың күрші дақылна әсерін зерттеп, олардың тиімділігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Бұл жұмыстар ауыл шаруашылығы өндірісінде жергілікті шикізат көздерін пайдаланудың маңызын көрсетті. Осы тақырыпты диссертациялық жұмыс ретінде 1991 жылы ресейлік ғалым, профессор Ф. Янишевскийдің жетекшілігімен «Сырдария ойпатында құралған шалғынды-батпақты топырақта өсірілетін күршіке Қаратау фосфоритінен өндірілген фосфор тыңайтқыштарының қолданудың ғылыми негізін жасау» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғап шықты.

Ғылыми ізденіс пен жаңашылдық – ғалым ағамыздың басты ерекшеліктерінің бірі. Көпшілік үшін ауыл шаруашылығы қалдықтары болып саналатын күрші сабаны мен қаузының да табиғатқа пайда әкелетін құндылық екенін алғашқылардың бірі болып дәлелдеді. Ол осы қалдықтардан биокөмбест өндіру технологиясын жасап, авторлық патент алды. Бұл жаңалық өндірістік қалдықтарды тиімді пайдалану арқылы топырақ құнарлылығын арттыруға, су және басқа да ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік берді.

Қызылорда облысында егілетін дақылдардың өнімділігі мен өнім сапасының жоғары болуының басты себептерінің бірі – егістік жерлердің құнарлылығының

төмен болып, топырақ тұздылығы салдарынан оның қарашірігінің кеміп, ондағы бактериялардың әлсіреуі. Топырақ ортасының өсімдіктерге қолайлы болуына түрлі пайдалы бактериялар жиынтығының белсенділігі артуы үлкен себеп болады. Бактериялар ауыр металдар қосындысын ыдыратып, әрі өзіне, әрі өсімдіктерге қоректік заттарды мөлдіттейді.

Ғалымның ғылыми қызметіндегі ерекше бағыттардың бірі – Арал өңірінің экологиялық мәселелерін зерттеу. Арал теңізінің тартылуы бүкіл әлем назарын аударған кезеңде Хасый ағамыз халықаралық ғылыми қауымдастықпен бірге көптеген жұмыс жасады. Германия және Израиль ғалымдарымен бірлесіп, құрғаған теңіз ұлтанын игеру, сексеуіл отырғызу арқылы аймақтың экологиясын тұрақтандыру бағытындағы зерттеулерге белсене қатысты.

Арал теңізі тұйық болғандықтан Сырдария өзені ағынымен тау, жар мүжінділері шөгінді ретінде сумен келіп, теңіз түбіне шөгіп, кедір-бұдырын тегістеп ұлтан қабатын құрайды. Сырдария суы азайған соң теңіздің шөгінді табан қабатын судан құрғатылып, шөгінділерден түрлі механикалық құрамды (күм мен саздың

**Ғалымның зерттеулері отандық минералдық ресурстарды тиімді пайдалануға да арналды. Ол Қаратау сілемдерінен өндірілетін полифосфатты минералдық тыңайтқыштардың күрші дақылна әсерін зерттеп, олардың тиімділігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Бұл жұмыстар ауыл шаруашылығы өндірісінде жергілікті шикізат көздерін пайдаланудың маңызын көрсетті. Осы тақырыпты диссертациялық жұмыс ретінде 1991 жылы ресейлік ғалым, профессор Ф. Янишевскийдің жетекшілігімен «Сырдария ойпатында құралған шалғынды-батпақты топырақта өсірілетін күршіке Қаратау фосфоритінен өндірілген фосфор тыңайтқыштарының жаңа түрлерін қолданғандағы тиімділігін зерттеу» тақырыбында ғылым кандидаты атағын сәтті қорғады. Ал 2003 жылы академик Р. Елешевтің ғылыми жетекшілігімен «Қазақстандық Арал өңіріндегі шалғынды-батпақты топыраққа бейімделген күрші ауыспалы егісі дақылдарына фосфор тыңайтқыштарын қолданудың ғылыми негізін жасау» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғап шықты.**

әртүрлі мөлшерде орналасуына байланысты) топырақ түрлері қалыптаса бастайды.

Алғашқы кезде, борпылдақ, әлі бірікпеген топырақ құрамы сумен келген улы заттар (пестицид, гербицид, т.б.) шаңмен бірігіп, желмен ұшып айналанып, ластауға бейім болады. Ол шаң қоспалары ғарыштық кеністікке көтеріліп, Жер бетінің кез келген аймағына жетіп, шөгіп, сол жерді ластауы мүмкін. Сондықтан, бірінші кезекте шаңды қозғалысқа келтіретін іс-шара жасау керек болды. Теңіз ұлтанының бетіндегі әртүрлі қоспалы өте зиянды борпылдақ шаңды бекітетін бірден-бір жол – өсімдік жамылғысымен ұлтан бетін бүркеу әдісі. Арал өсімдіктерін зерттеу арқылы, бүркемелі өсімдікке қара сексеуіл (*Haloxylon arphyllum*) таңдалып, оны егу жолдары зерттелді.

Негізгі мақсат – қазір жаһанда белең алып бара жатқан қуаңшылық пен шөлейттену өзгерістерін өрістетпеу. Сонымен 1998-2012 жылдары эрозиялық процестерді тоқтату, қуаңшылық пен шөлейттенуге бетбұрысты әлсірету, өсімдік жамылғысын дамыту бағыттарын-

да ғылыми-зерттеу жүргізілді. Нәтижесінде егілген сексеуіл өскіндерінің тұзданған топырақты жерінуі ұлғаятыны анықталды. Бұл үлкен ғылыми жетістік болатын.

Он төрт жыл бойы жүргізілген бұл жұмыстар нәтижесінде құрғаған теңіз табанына орман өсірудің тиімді әдістері зерттеліп, табиғатты қалпына келтіру ісіне маңызды үлес қосылды.

Хасый Жамантіковтің ғылыми қызметінің басты ерекшелігі – зертханалық ізденістерді өндіріс қажеттілігімен ұштастыра білуінде. Ол үшін ғылым тек теориялық тұжырымдар жиынтығы емес, шаруашылықтың нақты мәселелерін шешуге қызмет ететін құрал болды.

Ғалымның көпжылдық зерттеулерінің негізгі бағыты күршілік топырақтың құнарлылығын арттыру және өнімділігін көтеру мәселелеріне арналды. Сыр өңірінің топырақ-климаттық ерекшеліктерін терең зерттей отырып, ол әртүрлі мелиоранттардың тиімділігін анықтауға бағытталған ауқымды ғылыми жұмыстар жүргізді.

Осы мақсатта доломит, биошунгит, цеолит, фосфогипс секілді тағы басқа табиғи минералдардың күршілік топырақтардың қасиеттеріне әсері жан-жақты зерттелді. Ғалым бұл мелиоранттардың топырақтың физикалық және агрохимиялық қасиеттерін жақсартуға, қоректік элементтердің тиімділігін арттыруға және өсімдіктің қолдайсыз жағдайларға төзімділігін күшейтуге ықпал ететінін ғылыми тұрғыдан негіздеді.



Хасый ағамыз жаңа технологияларды өндіріске енгізуге әрдайым ерекше көңіл бөлді. Осы бағытта органикалық сұйық препараттарды күрші егістіктерінде пайдалану мәселесін зерттеп, олардың өсімдіктің дамуына, өнім құрылымына және астық сапасына әсерін анықтады. Ғалым жүргізген тәжірибелер мұндай препараттардың өсімдіктің өсу энергиясын арттырып, өнімділікті жоғарылатуға мүмкіндік беретінін көрсетті.

Климат өзгерісі мен су тапшылығы күшейген қазіргі кезеңде ғалымның зерттеулері бұрынғыдан да өзекті бола тұрса, ол топырақтағы ылғалды сақтау мақсатында гидрогельдерді қолдану мәселесін зерттеп, олардың тиімді мөлшерін анықтады. Бұл жұмыстар су үнемдеу технологияларын дамытуға және құрғақшылықтың зардаптарын азайтуға бағытталды.

Осы ғылыми жұмыстарды жетекші болып орындай жүріп, 140-тан аса ғылыми мақала, ірі көлемді 3 кітап жазды. Арал мәселесі туралы ғылыми есеп деректері Германияда басылған 3 ғылыми жинақ кітабында ағылшын тілінде жарық көрді. Ғылыми мақалалар жақын және алыс шетел қалаларының 15 баспаханасында басылды. Ғалым еңбектері нәтижелерінің басым бөлігі Қазақстанда жарық көрді. Жарияланған еңбектердің 9-ы – патенттік құжаттар.

Ғалымның өміріндегі тағы бір маңызды құндылық – отбасы мен еңбек сабақтастығы. 1966 жылдан бастап өмірлік серігі болған Тамара апаймен бірге ғылым жолында қатар еңбек етіп, өңірдің ауыл шаруашылығы ғылымын дамытуға елеулі үлес қосты. Ұл-қыздарын да ғылымға баулады. Бұл отбасы ғылымға адалдықтың, еңбеккестіктің және ұрпақ тәрбиесінің жарқын үлгісі болып келеді.

Хасый Жамантіковтің өмір жолына көз жүгіртсек, Меркінің топырағынан басталған тағдыр Сыр бойында жалғасып, тұтас бір ғылыми мектептің қалыптасуына ұласқанын көреміз. Оның зерттеулері мен жаңалықтары, тәрбиеленген шәкірттері мен ғылыми мұрасы – ел игілігіне қызмет етіп келе жатқан баға жетпес қазына. Оның



/// ЖУРНАЛИСТ ЖАЗБАЛАРЫ

## ХАЛЫҚ ҮШІН КЕРЕК

Жақында облыстық телеарнаың құрылымына 35 жыл толу іс-шарасы салтанатпен аталып өтті. Тәуелсіздікпен қатар келген оның қызметі тұрғындардың үлкен қызығушылығын тудырумен қатар көптеген қиындықтарды да бастап кешірді. Нарық экономикасының алғашқы жылдары кәсіпкерлікке байланысты жылт еткен жаңалықты халыққа жеткізуде үлкен роль атқарды.

Қызылорда қаласындағы дәмді наныммен танымал теміржол наубайханасы қайта жарактандырылып, ашылу рәсіміне облыс әкімі қатысатын болыпты. Ол кезде телекомпанияда 2-3 камера ғана болатын. Тілшілер екі камерамен көрші аудандарға іссапарға кетіпті де, қаладағы түсіру тобы да белгіленген уақыттан кешігіп жатты. Теміржол бастығының «Волгасы» үш рет келді. «Сағат түскі үште ашылуға тиіс наубайханаға облыс басшысы С. Шаухаманов келіп күтіп тұр. Телевидение келмей, жиынды бастамаймыз дейді, тездетіндер енді» деп дызақтап кетеді. Камера жок, біз не істей аламыз. Сонымен не керек, жарты сағат кешігіп, құстай ұшып жиынға жеттік-ау айтуейр.

Жиылған жұртшылықтың алдында Сейілбек ағамыз көсіліп сөйледі.

– Бұл телевидение халық үшін керек, халық мына жаңа кәсіптің қалай басталып жатқанын көруі керек. Әр ауданда, әр ауылда осындай наубайханалар, дүкендер, шаштараздар, моншалар ашып, жеке кәсіппен айналысуға тиіспіз. Мал бағып, күрші өсіріп қана қоймай, оны өңдейтін цехтар салуымыз қажет. Мына наубайхана бұрын бірер өнім ғана шығарса, қазір оннан астам түрін ұсынып отыр. Кәсіпкерлік деген осылай басталады, – деп ойын тарқата жеткізгенде көпті күттіріп қойған біздің үстімізден ауыр жүк түскендей болды.

Сол жылдар қиын кезең болатын. Жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастарға көшу кезеңі оңай өткен жоқ. Бірде облыс басшысымен Жаңақорған ауданындағы Бірілік кеңшарына бардық. Таудың етегіндегі бау-бақшалықта Израильдің тамшылатып суару технологиясы пайдаланылып, жұмысымен таныстық. Қараша үйде түстендік. Елдің жағдайын сұрап отырған басшы «кімнің қолында қанша мал бар» деді. Ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы осындай сауал болатынын сезді де «Пәленшеде 200 сиыр, түгеншеде мыңға тарта қой бар» деп кідірмей жауап берді. «Малдан айырылып қалмаңдар» деген басшы уақыттың қиын екенін сездіріп, ақыл-кенеңіс беріп жатты.

Атағы дүрілдеген кеңшарлардың дәурені өтіп, бір ауылда қолдарында мөрі бар ондаған төрағалардың пайда болып жатқан кезі еді.

## АҚЫННЫҢ ЖАРЫ

Екі мыңыншы жылдардың басында қазақтың көрнекті ақыны Жарасқан Әбдірашов өмірден озып, Аралдан делегация бардық. Аудан әкімі бастаған топ құрамында білім, мәдениет және ақпарат бөлімдерінің басшылары болып, жерлесімізді соңғы сапарға шығарып салу рәсіміне қатыстық. Ақын Кенсайға жерленді. Бір байқағаным, сол манда күміс көмей әнші марқұм Мәдина, «Тамашаның» тарландары Токсын мен Мейірман мәңгі тыныстап жатыр екен.

Жарасқан ағамыздың ұрпақтары туған жерден келген бізге арнайы қонақасы берді. Ақынның төрде ілулі тұрған үлкен портреті рух беріп тұрғандай еді. Нәзік жөңгей мен ұлы Рүстем сағыныштарымен бөлісіп, қиастықпен еске алды. Ақынның жары өлеңдерін жатқа оқыды екен.

– Ақбұлақтар, ақбұлақтар  
Қазір көктем, алдың жаз  
Шапқылап қал!  
немесе  
Ақын кетіп барады көшеменен  
Екпіннен асау жел, өседі өлең  
– деп басталатын жырларын апай Жәкең сияқты екпінмен жатқа оқығанда таңданып қана қоймай, риза болыстық. Талай өлеңнің алғашқы оқырманы болғанын естігенімізде одан сайын сүйіспеншілігіміз артып, олардың рухани үндестігін көргендей болдық.

Ақынның жары жырлаған өлеңдер осылай керемет әсер қалдырып еді...

## «СОҒҒЫ ПАРЫЗ» СЫРДА ЖАЗЫЛДЫ МА?

Телерадиокомпания басшылары «Қызылордаға Халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісов келіпті, жолығып, сұхбат алып келіндер» деген тапсырма берді. Жазушы облыс әкімдігінің резиденциясында жайғасқан екен. Қазіргі «Торғай Петролеум» компаниясының қызыл ғимаратында орналасқан жайлы мекенге келгенімізбен, суреткер қызметкерлер арқылы сұхбаттасуға мүмкіндігі жоғын жеткізді.

Токсанның жылдардың басындағы бұл сапардың сырын кейін білдік. Мемлекет және қоғам қайраткері, жазушының досы Сейілбек Шаухаманов естелігінде мынадай жолдар бар: «Сонау жылдары Әбекен «Соңғы парызын» Қызылордаға келіп жазды. Әбекен: «Маған ешқандай ерекше күтімнің немесе қазы-қарта, жал-жаынын қажеті жоқ, тек таза, тыныш орын, күрші ботка, кофе, сүт қатқан шай болса болғаны, мені ешкім мазаламасын» деді.

Кітап жазушының қаншалықты қиямет жұмыс екендігін көзі жетеді. Өбениң күн-түн демей, басына ормалып танып алып, қою шайға терлеп-тепшіп қанып алып, жазу столынан тұрмай жұмыс істегенін айтады. Біраз уақыт өткеннен кейін ғана демалдыратын мезгіл жетті-ау дегенде, Теренөзек ауданына көл басына, таза ауаға алып барған екен.

Жазушы жанкешті жұмыс істейтін еді. Алматының у-шуынан қашып, туған жеріне кетіп қалатынын әріптестері де білетін. Әлем әдебиетінде озық шығармалар қатарында аталатын «Соңғы парызын» Сыр бойында жазылғаны да бір тарих болып қалмақ.

Жұматәлі ӘБДРАМАН,  
жазушы-журналист

## ТАНЫМАЛ БЛОГЕР БАЙҚОҢЫРДА ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ ТҮСІРЕДІ

Қызылорда қаласына арнайы келген әлемге танымал блогерлер Дастан Мұхамедрахым мен Джо Хаттаба (HATAB JENAD JAMAL TAWFIQ) қайта жаңғырылған Президент саябағын таныстырылды.

Қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті демалыс орындарының біріне айналған Президент саябағының аумағында заманауи субұрқақтар, амфитеатр, спорт және ойын алаңдары, би және шахмат аймақтары, баскетбол мен футбол алаңдары орналасқан. Сондай-ақ мұнда биіктігі 50 метрлік айналмалы шолу дөңгелегі, велосипед және жүту жолдақтары, санитарлық пункттер салынған.

Жалпы аумағы 31 гектар саябаққа 2 мыңнан астам ағаш, 50 мыңнан астам сәндік бұта және 17 түрлі көпжылдық гүл егілген.

Облыс әкімінің орынбасары Ардак Зебешев, облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай, қала әкімі Нұржан Ахатов саябақ аумағын тиімді пайдалану мақсатындағы маңызды жобаларды таныстырды. Атап айтқанда, 300 орындық заманауи балалар лагері мен Ботаникалық білім беру орталығы пайдалануға берілген. Сонымен қатар 8,2 гектар аумақта тоғыз қабатты



15 тұрғын үй салынып жатыр. Бұдан бөлек, 200 төсектік жана перинаталдық орталық, жана драма театр және заманауи Президенттік кітапхана бой көтеруде.

Кездесуде қонақтарға өңірдің туристік әлеуеті, Қызылорданың әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны және қаладағы ауқымды инфрақұрылымдық жобалар таныстырылды.

Айта кетейік, Джо Хаттаба – халықаралық деңгейде кеңінен танылған

араб тревел-документалисі, режиссер, бейнеграф және YouTube блогері. Қазіргі уақытта оның әлеуметтік желілердегі жалпы аудиториясы 25 миллионнан асады.

Ол жай ғана туристік орындарды таныстыратын блогер емес, деректі фильмдер түсіретін контент авторы ретінде танымал. Шығармашылығының негізгі бағыты – сирек мәдениеттер мен әлемнің шалғай өңірлеріндегі адамдардың өмірін

көрсету. Джо Хаттаба Эверест тауларындағы шерпалардың тұрмысы, Амазонка джунглилеріндегі тайпалардың өмір салты, сондай-ақ әлемдегі ең оқшауланған мемлекеттердің бірі саналатын Солтүстік Корея мен Куба туралы бірегей жобалар әзірлеген.

Сонымен қатар ол түрлі елдердегі ерекше кәсіп иелерінің өмірін, тағдырлы адамдардың оқиғаларын және экология, кедейлік секілді жаһандық мәселелерді арқау еткен деректі фильмдерімен танылған. Блогердің Joe Hatab Production жеке медиа өндірістік компаниясы жұмыс істейді. Ол түсірілім барысында ең заманауи техникалар мен дрондарды пайдаланып, бейнемастерлеріне кинематографиялық стиль береді.

Джо Хаттаба халықаралық деңгейдегі бірқатар ірі компаниялардың, атап айтқанда Sony, Emirates, Samsung, Facebook және Google брендтерінің ресми амбасадоры болған. Оның Қазақстан, Сауд Арабиясы және Жапония туралы түсірген бейнежобалары халықаралық аудиторияның қызығушылығын арттырып, аталған елдерге шетелдік туристер ағынының көбеюіне ықпал еткен.

Алдағы екі күнде танымал блогерлер Қармақшы ауданындағы Қорқыт ата мемориалдық кешеніне бармақ. Сондай-ақ, Байқоңыр ғарыш айлағында деректі фильм түсіруді жоспарлауда.

«СБ» ақпарат

## ТАНЫМ



## ӘДІЛ БИЛІК – АЛТЫН ТАРАЗЫ

Біз қазақ болып жаратылғанмызға шүкір дей білуіміз керек. Өйткені, өз ұлтымыздың қасиеттілігін мың жылдық дәстүрлеріміздегі әділдік, шындық көлбетінен айқын аңғаруымызға болады. Біздің ұлттық ерекшеліктеріміздің өзгеріспен бөлек екендігін менмін деп көудесімен көк тірегендердің көпшілігі іштей болса да мойындайды.

Қасиетті қастерлеп ұстау қиын. Біз де кейінгі кезде менмендікке салып, ауызбірлікті азайтып, боасануға жол беріп алдық. Қазір көрінгенін данғазасына танырқап, ойсыз дуылдап жүргеніміз соншыл бергісі болса керек. Жаксы мен жаман басымызда күн мен түндей алмасып отырған ғой, қай нәрсенің де өзіндік сұрауы бар.

Ақын Қадір Мырза Әлінің мына өлеңін оқып көрейікші:

«Бабамыздың шок басқан табынымен, Бірдей екен жақсысы жаманымен. Бір жаманы – тынымсыз көше берген, Бір жақсысы қимаған даланы кен... Тату-тәтті көршілер шыр

бүзбаған, Бірге тонып суықта, бір мұздаған. Бір жаманы сонда да, үй салмаған, Бір жақсысы – абақты түргызбаған».

Осындағы екі ауыз сөзде көп мағына жатқандығын аңғаруға болады. Көшпелі халықтың ел болып ұйысуы қандай тәртіпке негізделген, ұлан-байтақ кең даланы алып жатқан ұлыстар дәстүр мен тыйымға қалай мойынсынған, кімнің сөзіне тоқтап, қалай басқарылған деп ойлауыңыз расында заңдылық. Шындығы қалай елді!

Оның бастауын бағзыдан келе жатқан дәстүрлерден, тыйым заңдардан іздеу керек секілді. Біз бүгінгі әңгілемізде, халқымыздың әдет-ғұрпының маңыздылығын тіліміз жеткенше баяндауға ниет еттік.

Әр мемлекеттің өзіне лайық құқықтық заңдары қоғамның қалыптасуына, ішкі тәртіптің нығаюына әсер еткені белгілі. Мәселен, ежелгі Вавилонның «Хампураи заңы», Римнің «12 таблицасы», Үндінің «Ману» заңы үстемдік етсе, Қытайдың «Лаоцзы» заңы елдің ынтымағын сақтауға жұмыс істеп, қоғам мүшелерінің қарым-қатынастарын реттеп отырған. Жарты дүниені билеген атақты Шыңғысханның «Билік» және «Жасак» заңы ұлы қаған империясының керексіз берік ете түскен, атағын аспандатқан. Ондағы қаталдықтарды кейбір жеңілдіктер жұмсартып, қолдануға ыңғайлы еткен.

Сөз атасы-Майкы бидің жарғысының негізгі кешеге дейін өміршеңдігін көрсеткен-ді. Жарғы әділдік дегенді білдіреді, яғни бір нәрсені екінші жағына аудармай қақ бөлу деген сөз. Құлаққа сіңісті болған «Қасымханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы» және «Әз Тәукенің Жеті жарғысы» қазақтардың бас құқықтық заң нормалары саналды. Ертенден белгілі заң қауымдастығында ел басқару билігінің тізгінін хан ұстағанымен, билік айтуға орда биі нелік еткен.

Қазақ қоғамында, әсіресе, туыстық байланыстардың тәртібін қатаң сақтаған салт-дәстүрлердің мол болуы рулық-тайпалық бөліністерге қатысты екендігін ескеру керек деп ойлаймыз. Осы орайда ел аузында бұрыннан келе жатқан, «Жеті атасын билген жігіт жеті жұрттың қамын жер» мәтелі кімкімге де үлкен жауапкершілік, салмақ салды. Бұл қауымдастық өмір сүрудің шарттарын білдіреді десек те болады. Жігіттің өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты деп аталатын ошақтың үш бұтасындай ынтымақшылықтың арғы жағында өз атасы тұрмақ.

Қазақтың арғы атасы Алаш қартайған шағында Ақарыс, Жаңарыс, Бекарысқа енші беріп, өзіндегі мал-мүліктің бір бөлігін қарашанярқақ қалдырады. «Бұл бөлінбеген еншілері» депті. Сондықтан да жолашылап шыққанда қазақтар ыдыс-табағын, тамағын, көлігіне жем-шөбін алып жүрмейді. Ауылына қонақ келген ауыл адамдарына мейманның жағдайын жасау міндеті белгіленген. Осы дәстүрлі бұзған келі ұятқа қалып, тіптен ат-тон, айыбын да тартады. Мұндай мәліметтерді Қ.Омархановтың құқық туралы кітабынан көптеп кездестірдік.

Осындай қарым-қатынастарды негізге ала отырып, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер бүгінгі көзқараспен қарағанда, конституциялық, азаматтық, әкімшілік, еңбек, отбасылық және қылмыстық заңдылықтардың жиынтығы десек жаңылспаймыз. Көшпелі қазақ қауымдастығында берік орын алған, ұйыса тіршілік етудің құрталы деп бағыт айта аламыз. Бала кезімнен жаяу Мұсааның «Ақ сиса, қызыл сиса, сиса, сиса...» деп басталатын әнін жат-

тап өстік. Сондағы Шорманның Мұстафасын мұғалімдеріміз бай-манап болған соң жалғзылық, келесі ақынға зорлық жасаған деп түсінілген-ді. Басымдығын білдіріп, атын тартып алған соң әнші «жаяу Мұса» атанған екен деп мүсіркейтінбіз. Ал шындығында, керісінше болып шықты.

Атадан келе жатқан әдет-ғұрып бойынша жолашу алыдан кезіккен ауылдың үлкені сәлем беріп, жөнін айтуға тиіс болған. Ал мына жағдайда Мұса атағы жер жарған Шорманның Мұстафасының ауылы тұсынан өтіп бара жатып қайырылмаған, шаңдатып өте беріпті. Әдепсіздік танытқан. Дәстүрлі тәртіпті осылай бір бұза, екінші беймезгіл кезде бар дауысымен ән шырқап, елдің тыныштығын бұзған көрінеді. Ауылдың игі жақсыларын сыйламай, жөнін білдірмеген әдепсіздігі үшін Шорманның Мұстафасы жігіттерін жіберіп, әнші Мұсааның атын алдырған, осылайша жазалаған көрінеді. Өнерпаздың бұл белмәстігі, қазақтың дәстүріне немқұрайлықпен қарауы өзінің «Жаяу Мұса» атануына апарып соққандығы белгілі.

Қыз айтыру, қалың мал төлеу, әменгерлік жолы, бала асырап алу тәртібі және өкіл әкенің, кіндік шешенің міндеттері, азаматтық борыш, кісілік парыз, нағашы мен жиен арасындағы қатынас – бәрі-бәрі жөн-жосықты тәртіпке құрылған. Жиен нағашысының қалаған затын сұрамай алуға құқылы болған. Тіпті осылай етуіне үш кезекке дейін мүмкіншілік берілген. Ол үшін жиенге жаза белгіленбеген. «Жиенді ұрғанның қолы қалтырайды» деген сөз осы әрекетке алын ала ескерту деп түсінуге болады. Біздің тағы білеріміз, ұлт дәстүрінде ұл балаға енші, ал қызға ұзатылығанда жасау-жабдық гана берілген. Балкім, жиеннің ерекшілігін көтеру сол еспенен де алынған шығар. Қалай ойласаңыз да, мұнда ағайын-туыс, құда-жекжаттың арасындағы мықты байланыстың жатқандығы анық. Осындай ұлттық дәстүрлердің басымдығына мүмкіншілік беру арқылы сыйластығымыз, ынтымағымыз арта түскен болар еді-ау.

Әз Тәукенің жарғысында ата-анасына тіл тігізген немесе әдептен аттап қол жұмсаған ұл баланы қара сырға теріс мінгізіп, ауыл-ауылды аралатқан. Ал сондай әбес әрекетке барған қыз бала анасына тапсырылған. Анасы кінәлі қызды қалай жазаласа да, ерікті болған. Міне, бұрынғылардың жүзінен иман тоғіліп тұратындығын,

осындай тыйым-тәртіптердің қатаң сақталуынан, оны жалпыға бірдейлігінен деп ойлаймыз.

Бірде Құнанбай қажының ұлы Ысқақ жолашуылап келе жатып, сол өңірдегі қандықол ұры атанған Қарасақудың ауылына бір топ нөкерлерімен кешпете жетеді.

– Қош келісіңдер, – деген ауыл иесіне Ысқақ.

– Әй, зальым ұры, құдайдың күнінің сенің ауылыңның тұсына келгенде батып, осында тоқтағанымна назалымын, – дейді Ызбарлана.

– Ұрлық ет беріп, ауыртасың-ау, – депті тағы да.

– Мырза, аттан түсіңіз, бір адал мал табылар, – деген Қарасақу меймандарын үйге кіргізісімен Ысқақтың қара жорғасын шетке апарып сойғызып, сол етпен қонақасы беріпті. Ертеніне оның бұл қылығы әшкере болады да, ашуға кұлыққан Ысқақ Қарасақуды байлапқызып, жаза тартырмаққа Семейде билік айтып жатқан Абайдың алдына алып келіпті. Қажынның айналасындағылар өре түрегенімен Абай өз билігінде:

– Өуелі кіно Ысқақтан. Үлкен кісіні тілдегені үшін ат, шапан айып төлейді. Ал үй иесі қара жорғаның орнына екі бесті береді, – деп байлам айтып, тоқтаған екен. Мынандай әділ шешімге риза болған Қарасақу сонда кейін ұрлығын қойып кетіпті-міс дейді.

Иә, қашанда әділ билік – алтын таразы!

Қазақ мемлекетінің қалыптасуы кезінде меншік туралы заңның да ең басты орын алатындығын атап айтқан жөн. Онда жеке мүліктік, мал мен мүлік меншігі сондай-ақ, көші-жон кезіндегі жайылым, су, қыстау мәселелері арнайы белгіленген. Рулық елдің қоры есебіндегі меншік, «Жеті ағайынды жұттан аман қалу тәртібі» де барынша қалдағалған.

Қысылғанда «жылу беру» дүние-мүлік көбейіп, байлығын кісінің «шүлден таратуы» және «қолай майын» келу, «құртшылық ісі» – қатаң тәртіпке бағындырылған үрдістер. Осы жерде, «құртшылық ісі» кейінгі кезде өзіміз айтып жүрген «асар әдісімен» шатыстырған жөн секілді. Жұртшылық ісіне, көптің бәріне бірдей қажетті – көріп салу, құдық қазу, тоған тарту секілді ортақ шаруаларды жатқызады.

Сонымен бірге, бұл жарғыда дәулетті адамдардың айналасындағы жоқ-жітікке туған малынан сауын беріп отыруы да қарастырылған. Мал иесі бұл заң бойынша, сауылған сүттен, оның күрт-майынан дәмеппей, тек малының басы, төлінің аман оралуына ғана талап ете алатын болған. Осы тәртіпті бұзған адамға билер тарапынан айып салынып, шара көрілген. Кейде кісінің қылығына қарай, елден шеттетуге дейін жаза қолданылған екен. Осының бәрі өзіміз сөз басында айтқандай, елдің ұйысуына, ынтымағының мол болуына әсер етті.

Шағын мақалада ертелден келе жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты тізіп айтып шығу міндет емес, дегенде халқымыздың қасиеттілігін, тектілігін сақтай білудегі білімдарлығын, танқыр ойлығын жете тану тұрғысында жастарымыздың көкірегіне сөзге түссе деп елдік, сол қалаге жазғанымыз жарап жатса, бек қуаныштымыз.

**Нұрмахан ЕЛТАЙ,**  
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері

## ТАРИХ

## ҰРПАҚҚА ЖҮКТЕЛГЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Өткенің қадірлеген халықтың болашағы жарқын болады. Кең-байтақ жерімізді қорғап, ұрпаққа аманат етіп қалдырған батыр бабаларымызға құрмет көрсету – ұрпақтың қасиетті парызы. Осы ұстанымның негізінде туған елін сыртқы жаулардан қорғау жолында күрескен қазақ қоғамының қайраткерлері Жолай жасауыл Ырысымбетұлы және оның туған ағасы Шыбынтай би мәңгілікке байыз тапқан жерге, Арал ауданының Ырғызбен шекарасына жақын Қарақұмдағы Үңгірсордың маңайына бір топ ұрпақтары ескерткіш белгі қойды, бабаларымыздың рухына тағзым еттік.

Ресейге бодан болу саясатына қарсы шығып осы Баршақұмда өз ауылдарымен қоныс тепкен Шыбынтай мен Жолай ру басшыларымен бірге Қарақұмда Қайыпұлы Батыр сұлтандай хан көтеру рәсімін ұйымдастыруға белсене атсалысқаны тарихи дереккөздерде тандалған.

Қазақстанның Халық жазушысы Ә.Кекілбаевтың «Елең-алаң» романында Шыбынтай бидің есімі аталады. Ресей елшілігіне арнап берген асына Бозғұлдардың келмей қалғанына назаланған Әбілқайыр ханның Қожағелдің ұрпағы Арыстанбай Айбасұлына: «...Жиырма бес алшынның жарығы, малға кенделгі жоқ ел нуының бірі Шөмен еді. Олар неғып тап мұндай жүдеу келгендерін түсінбедім. Рас, ұсақ үш шөмекейдің қамшысы түгеліге жуық. Бірақ ол үшеуінің бәрі қосылып бір Бозғұлдың қарасын толтыра алмай тұр ғой. ...Жалтырдың төрт бұйда ұстары – Жәдік, Алман, Шыбынтай, Кенже және Қаратамыр Мәмбет, Балқы Бәйбек Шөмен атамның көшін арқар ұрандының қай ауылының күлінің басына апарып шөгерейін деп жүр?..» деген сөздері келтірілген.

«Алаш» тарихи-зерттеу орталығының қолдауымен жарық көрген «Қазақ ру-тайпаларының тарихы» атты серияның 13-томның 2-кітабында XVIII ғасырдың алғашқы ширегі мен ортасында ойрат шапқыншылығы кезінде ел басқаруға ерте араласқан би Жолайдың ұлт көшбасшылары қатарында қазақ халқын сыртқы жауға көтере білгені айтылады. Танымал тарихшы ғалым Ж.Қасымбаевтың «Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.)» атты монографиясында Жолай жасауылдың ханның ерекше тапсырмаларын орындайтын сенімді өкілі болғаны туралы дерек бар.

Базар жырау, Шораяқтың Омары, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Тұрымбет Салқынтайұлы, Шегебай Бектасұлы сынды Сыр сүлейдерінің шығармашылығынан Жолай және оның ұрпақтары да орын алған.

Ақтөбе облысы аумағын жайлаған бабаларымыз бодандық саясатын қолдамағандықтан өз ауылдарымен Қарақұмға қоныстанған. Қазіргі күні Ырғыз жерінде «Жолай көлі» деген атау кездеседі.

Бабаларымыздың мәңгілік мекені Қарақұмда екенін әкеміз және басқа да көнеқос қариялардан жастайымнан естіп өстім. Сол жерді табуды өзіме мақсат етіп, ұзақ жыл іздедім. Ақыры 2025 жылы бауырым Қазыбек 1958 жылы шыққан КСРО Бас штабының әскери-топографиялық картасынан бабаларымыз зиратын тапты. Қартаның 1984 жылы қайта басылған нұсқасында да зират орны көрсетілгені.

Шыбынтай би мен Жолай жасауылға қойылған бұл ескерткіш – өткеннің тасқа қашалған ізі ғана емес, келер буын ұрпақтарға арналған бабалар аманатының белгісі. Бүгінгі бейбіт өмір мен тәуелсіздік – елін қорғап, жерін сақтап, ұрпағының болашағы үшін жан амай күрескен алдыңғы буынның маңдай тері мен ерлігінің жемісі.

**Қали ОМАРОВ,**  
ғалым-публицист,  
ҚР Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының толық мүшесі



www.facebook.com/syrbойы.kz/

Меншік иесі  
**СЫР МЕДИЯ**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
**Марат АРАЛБАЕВ**  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)  
БАС РЕДАКТОР  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**  
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)  
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АҚ» - ақылы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС немісгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". e-mail: syrbойы@yandex.kz / www.syrbойы.kz

Таралымы 21038 Тапсырыс №958

Кезекші редактор Ержан ҚОЖАС